



ҚУАТТЫ ҚАРҚЫН

Алматы – Қазақстан экономикасының драйвері

2



АЛМАТЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫ

БҰҰ Жаһандық шартына қосылды

3



Әлеуметтік сала:

ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАРЛАР, НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР

5

САРЫ АЯЗҒА ДАЙЫН

Алматыда қар тазалау жұмыстарына арнайы техникалар жұмылдырылады

«Қазгидромет» РМК болжауынша, Алматыда 9 желтоқсанның бастап, сонымен қатар, желтоқсанның екінші және үшінші онкүндігінде ауа райы бұзылады. Жел күшейіп, -18 градусқа дейін суытады, қар жауады. Жолдар мен тротуарларда көктайғақ болуы мүмкін.

Қар жауғаннан кейін, жолда мұз қатуы мүмкін. Осыған байланысты жүргізушілерді өте мұқият болуға, қауіпсіз қашықтықты, бүйірлік аралықты сақтауға, қолайсыз ауа райын ескере отырып, жылдамдықты асырмауға, шұғыл маневр жасамауға және күрт тежемеуге, жол ережесін қатаң орындауға шақырамыз. Ал жаяу жүргіншілер жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс нормасын сақтап, мүмкіндігінше қырағы болуы керек. Жүргізуші сізді көріп, өткізіп жібергеніне көз жеткізіп барып жүріңіз. Өйткені, көлік құралының тежегіші жол дымқыл болғанда, әсіресе көктайғақ жағдайында ұстамай қалуы мүмкін.

Коммуналдық қызметтердің көктайғаққа қарсы жұмыстарды жедел және сапалы жүргізуін қамтамасыз ету мақсатында автокөлік иелерінен мүмкіндігінше



қала бойынша қозғалысты шектеуді, автокөлікті жол жиегіне қоймауды сұраймыз.

Қысқы кезеңге дайындық мақсатында Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы 818 бірлік техника мен 1240 жұмысшыны

дайындап отыр. Қар жауған кезде жолға көктайғаққа қарсы материалдар, жолдарды тазарту, қар үйінділерін алып тастау, автобус аялдамаларын, тротуарлар мен қоғамдық пайдалану орындарын қар мен мұздан уақытылы тазарту жұмыстары жүргізіледі.

4

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №146 (6439) 7 желтоқсан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БАСПАНА БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАН КҮН

Алматы қаласының әкімі Сурдлимпиада жеңімпаздарына пәтер сыйлады



Шаһар басшысы Ерболат Досаев Сурдлимпиада жеңімпаздарына баспана сертификатын табыс етті.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 24-ші Сурдлимпиада жүлдегерлерін марапаттады.

Грек-рим және еркін күрестен бірінші орын алған Хайратхаан Шонкуға қала әкімінің атынан үш бөлмелі пәтер сертификаты табысталды. Грек-рим күресі бойынша Сурдлимпиада ойындарының күміс жүлдегері Тәжиев Асылжан 2 бөлмелі

пәтерге ие болды. Дзюдодан күміс, командалық есепте қола жүлдегер атанған Нұрмұхаммед Әлдібекке 2 бөлмелі пәтердің кілтін тапсырылды. Дзюдодан құрама сапында және командалық жарыста қола жүлдегер атанған Әсел Максұтова, Шаяхмет Қанапиянов, Ермек Жәнібекұлы, Асхат Адамбаевқа 1 бөлмелі пәтердің сертификаты табыс етілді. Жеңіл атлетикадан Сурдлимпиада ойындарының қола жүлдегері Рауан Бейсебайға 1 бөлмелі пәтер сертификаты берілді.

Естеріңізге сала кетейік, 1–15 мамыр

аралығында Кашиас-ду-Сул қаласында (Бразилия) XXIV Сурдлимпиада ойындары өтіп, оған 73 елден 2500 спортшы қатысты. Медальдық есепте Қазақстан 11 медаль жеңіп алып, 13-ші орынға тұрақтады. Оның ішінде: 2 алтын, 2 күміс және 7 қола жүлде. Қазақстан құрама командасында 57 спортшы бар, оның 12-сі Алматы қаласы спорт басқармасының мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт клубының спортшылары, олар спорттың 5 түрінен (дзюдо, грек-рим және еркін күрес, жүзу, жеңіл атлетика) сынға түсті.

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

7.12.2023

Түнде:

-1+1 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

-1+1 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

8.12.2023

Түнде:

-2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

0,+2 °C
Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚУАТТЫ ҚАРҚЫН

Алматы – Қазақстан экономикасының драйвері

Бұл ұрандатып айтатын жалаң сөз емес. Статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2022 жылы еліміздің Жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 103,7 трлн теңге болған. Триллиондаған қаржының 18,5%, яғни 19,1 трлн теңгесі Алматыға тиесілі. Мұның арқасында Алматы қаласы Атырау облысымен бірге мемлекеттік бюджеттің донорына айналып отыр. Осындай жоғары деңгейдегі көрсеткішке жетуге өнеркәсіптің үлесі көп. Ендеше, қала өнеркәсібі жайлы сөз қозғаймыз.

ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНІМ ҚҰНЫ ДЕГЕН НЕ?

Өндірістік төңкеріс, үшінші және төртінші өндірістік төңкерістер жайлы бәріміз естіміз. Өндірістік немесе үшінші өндірістік төңкеріс XVIII ғасырда Ұлыбританияда басталды. Сол кезден бастап әлем қол күшінің орнына автоматтанған өндіріске көше бастады. Батыстық ғалымдар оны индустриализация үдерісі деп те атайды. Яғни ауыл шаруашылығынан индустриалды қоғамға өту үдерісі. Автоматтанған құрылғылар өндіріске ене бастаған соң еңбек өнімділігі артып, тауар өндіру сапасы мен көлемін арттырды.

Ал өткен ғасырдың 60-жылдары компьютерлердің пайда болуымен төртінші өндірістік революция басталды. Қазір болса жасанды интеллект өндіріске енуде. Яғни өнеркәсіптік өнімнің құны технологиялық дамудың арқасында барған сайын өсіп отыр. Бұл үдеріс Қазақстанға да қатысты. Әсіресе, экономиканың драйвері Алматы қаласының орны бөлек.

Жалпы осы өнеркәсіптік өнімнің құны деген не және оны не үшін есептейді?

Өнеркәсіптік өндірістің құны дегеніміз – кәсіпорындардың өзі шығарған барлық дайын өнімдердің, жартылай фабрикактардың құны. Кәсіпорындардың өнімі өз шикізаты мен материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалуы мүмкін. Мысалы, Соса-сола компаниясының сусындарына біздің су мен өзге де материалдар пайдаланылады. Сол сияқты, Danone өнімдері қазақстандық сүттен жасалады. Сол өнімді өндіріп, нарықтық бағаға сатқанынан түскен пайда өнеркәсіптік өндірістің құнын қалыптастырады. Ол теңгемнен немесе өзге валюталармен есептеледі.

Бұдан бөлек, өнеркәсіптік өндірістің заттай құны да есептеледі. Яғни бір қалада, кәсіпорында шығарылған өнімнің саны көрсетіледі. Мысалы, Соса-сола компаниясы жылына 100 мың дана сусын өндіріп деген сияқты. Сондай-ақ, дайын өнімдер қай салада және қанша мөлшерде дайындалғаны туралы да есеп-қисап жасалады.

АЛАТАУ АУДАНЫ – КӨШБАСШЫ

Алматы үлкен мегаполис. 2023 жылдың 1 қарашасындағы дерек бойынша халық саны 2,2 млн-нан асады. Территория кең болғандықтан кәсіпорындар қалада біркелкі орналаспаған. Соның әсерінен өнеркәсіптік өнімдердің үлесі бойынша аудандардың көрсеткіштері әртүрлі.

Статистика бюросының мәліметінше биыл қаңтар-қазан аралығында Алматыда 178 кәсіпорын мен өндіріс тіркелген. Өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі 1,64 трлн теңгеге жуық. Қазан айында 175,5 млрд теңге болса, қыркүйекте 160 млрд теңгені құраған. Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда өнім құны 19%-дай өскен. Осылайша пандемия кезіндегі дағдарыс әсерінен төмендеген өндіріс көлемі соңғы екі жылда өсіп келеді.

	Кәсіпорындар және өндірістер саны	Өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі, мың. теңге		
		қыркүйек	қазан	қаңтар-қазан
Алматы қаласы	178	160 589 647	175 523 694	1 639 900 664
Алмалы	22	15 643 601	17 883 733	157 025 780
Алатау	19	53 172 788	61 600 198	581 752 501
Әуезов	21	9 240 416	8 309 849	95 289 837
Бостандық	10	7 143 783	7 856 657	85 407 942
Жетісу	52	31 580 834	33 762 780	296 298 275



Медеу	12	12 537 199	13 272 786	119 650 646
Наурызбай	6	672 431	910 214	10 241 580
Түрксіб	36	30 300 415	31 804 937	292 485 497

Ұлттық статистика бюросы мәліметтері

Өнеркәсіптік өнімнің құны аудандар бойынша да есептеледі. Өнім құнының жоғары болуына бірнеше фактор әсер етеді. Ол сол ауданда орналасқан кәсіпорындар мен өндіріс саны және өнімді дайындау қуатына тәуелді болуы мүмкін. Бір ауданда кәсіпорын саны көп болса, өнім құны өседі дегенді білдірмейді. Мысалы, Алатау ауданында 19 кәсіпорын мен өндіріс бар. Бұл Жетісу, Түрксіб, Алмалы және Әуезов аудандарынан аз. Бірақ сол 19 кәсіпорынның табысы өзге аудандардағы кәсіпорындардың табысынан көп. Биыл 10 айда 581,7 млрд теңгеден астам өнеркәсіптік табысқа кенелді Алатау ауданы. Алматыны жеке қарастырар болсақ, Алатау ауданы оның бюджетінің доноры деп айтар едік.

Екінші, үшінші орындарды Жетісу, Түрксіб аудандары иеленген. Қала бойынша ең көп кәсіпорын Жетісу ауданында шоғырланған. Бірақ 52 кәсіпорын 296,2 млрд теңге табыс тапқан. Алатау ауданымен салыстырар болсақ, мұнда еңбек өнімділігі төмен екеніне көзіміз жетеді. Түрксіб ауданының жағдайы да осындай. 36 кәсіпорын 292,4 млрд теңге табыс әкелген. Мұндай жағдайға тек еңбек өнімділігінің төмендігі ғана емес, кәсіпорын көлемі де әсер ететінін ескерген жөн. Демек, Алатау ауданында ірі кәсіпорындар шоғырланған.

Бұл көрсеткіш бойынша Наурызбай ауданы көш соңында келеді. Бұл түсінікті де. Себебі, қазір аудан көлемі ұлғайып жатыр. Өсім өндіріс орындарынан гөрі халық санынан көрініс табуда. Ауданның облыспен шекаралас екенін ескерсек алдағы болашақта кәсіпорындар саны өсуі мүмкін. Қазірге 6 кәсіпорын бар. Сонымен қатар, Медеу және Бостандық аудандарында да кәсіпорындар саны аз. Себебі, бұл аудандар қаланың ескі бөлігі. Халық тығыз қоныстанған. Сондықтан кәсіпорын ашарға жер жоқ. Оның үстіне кәсіпорындар қаланың орталығында емес, шетінде салынғаны дұрыс.

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ҮЛЕСІ БАСЫМ

Алматыда 178 кәсіпорын болса, соның 23-і тамақ өнімдерін өндірумен айналысады. Мұның себебі де түсінікті. Қала халқының саны көп. Қандай дағдарыс болса да, тамақ өнімдерін өндіру саласы тоқырауға ұшырамайды.

Тамақ өнімдерін өндіруді жеке сала бойынша қарайтын болсақ, сүт өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпорындар көп екеніне көзіміз жетеді. 5 кәсіпорын биыл 24,5 млрд теңгеден астам табыс тапқан. Бұдан басқа, өсімдік, мал мен тоң майын өндіру, бидай өнімдерін өндіру жолға қойылған. Ал балық өнімдерін өңдеу саласы ақсап тұр. Бұл балық ресурсының алыста орналасуымен байланысты.

Өндіріс салалары	Кәсіпорындар және өндірістер саны
Өнеркәсіп	178
Тамақ өнімдерін өндіру	23
Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру	2
Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу	-
Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу	1
Өсімдік және мал майы мен тоң майын өндіру	4
Сүт өнімдерін өндіру	5
Ұн жарма өнімдерін, крахмал және крахмал өнімдерін өндіру	1
Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру	3
Өзге де тамақ өнімдерін өндіру	7
Жануарларға арналған дайын азықтар өндіру	-

Ұлттық статистика бюросы мәліметтері

МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ ТАБЫСТЫРАҚ

Кәсіпорындар саны жағынан тамақ өнімдерін өндіру саласы басым болса, табыс жағынан машина жасау көш бастап келеді. Статистика бюросының мәліметінше биыл қаңтар-қазан айында машина жасау саласы 651,9 млрд теңге табыс тапқан. Одан кейінгі орында автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру саласы тұр. 10 айдағы табысы 516,4 млрд теңгені құрады. Ал тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындар 263,4 млрд табыс тапқан.

Өндіріс салалары	Өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі, мың. теңге
Өнеркәсіп	1 639 900 664
Машина жасау	651 975 982
Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру	516 427 356
Тамақ өнімдерін өндіру	263 485 226


Ұлттық статистика бюросы мәліметтері

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ХАКАТОН

Жаңа дарын иелері
анықталады

«Almaty Creative» креативті индустрияларды дамыту орталығы DS Academy және AlmaU-мен бірлесіп жас дизайнерлер, бағдарламашылар мен геймдевелоперлер арасында хакатон өткізді.

Мәншүк
БЕКБОСЫН

«Almaty creative» креативті индустрияларды дамыту орталығының бас директоры орынбасарының м.а. Бақыт Елубаеваның айтуынша, хакатонның мақсаты – креативті индустрия саласында жаңа дарын иелерін анықтау.

– Хакатонда қалалық ортаны жақсартуға, байытуға, ойын әлемін құруға мүмкіндік беретін инновациялық, функционалды әрі көрнекі тартымды қалалық құрылымдар мен элементтерді дамытуға жағдай жасаймыз. Ол үшін дизайн саласының білікті мамандары, сарапшылар мен геймдевелоперлер шақырылды, – деді ол.

Хакатон барысында концепт-суретші, мейтпейнтер Данияр Қдыров, grimlore Games-те компьютерлік ойынның сценарисі әрі әзірлеушісі Арсений Дериглазов, «Өндіріске арналған дизайн» бағыты бойынша сәулет магистрі, UCL, Бартлетт сәулет мектебі Мария Ли, Xwargame геймплей аниматоры Сергей Лопатин, SAP жетекші әзірлеушісі Тимур Бакибаев сынды білікті мамандар өз шеберлік сабағын өткізді.

СЕМИНАР

СЕРТИФИКАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Техникалық реттеу, стандарттау саласындағы мамандар бас қосты

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының алаңында Әзербайжан, Түркия, Вьетнам, Сауд Арабиясы, КХДР, БАӘ, Ресей Федерациясы, Өзбекстан сияқты экспорттау елдеріндегі техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестікті бағалау тақырыбында бір күндік семинар өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

Аталған семинарды ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстандық стандарттау және метрология институты» РМК ұйымдастырды. Семинарда экспортталатын елдердің сәйкестігін растаудың техникалық регламенттері, стандарттары мен рәсімдері бойынша жүргізілген жұмыстар таныстырылды. Сонымен қатар, техникалық реттеудің ерекшеліктері мен кыр-сыры және әр елдің сәйкестігін жеке бағалау туралы ақпарат егжей-тегжейлі талқыланды.

Әрбір ел бойынша өнімнің міндетті талаптарға сәйкестігін және көрсетілген экспорт елінің нарығына шығуын қамтамасыз ету үшін экспорттаушылардың іс-қимыл тәртібінің сипаттамасын қамтитын Алгоритмдер дайындалды. Сондай-ақ, экспорт елдерінің стандарттарында және Қазақстанда қолданылатын стандарттарда белгіленген міндетті талаптарға салыстырмалы талдау ұсынылды.

Семинар жұмысына мемлекеттік органдардың, оның ішінде Алматы қаласы және Алматы, Жетісу облыстары бойынша Техникалық реттеу және мет-



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

рология комитетінің департаменттері, Алматы қаласы және Алматы, Жетісу облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменттерінің, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменттерінің, Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының басшылары мен мамандары, сондай-ақ отандық экспорттаушы кәсіпорындар өкілдері қатысты.

– Жетекші мамандардың қатысуымен мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар үшін өңір кәсіпкерлеріне тауарларды экспорттау кезінде заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Бүгінгі семинардың тақырыбының өзі өте маңызды әрі қызықты. Кәсіпкерлер өздерін толандырыған көптеген сұрақтарына жауап ала алатын ойдамын. Осын-

дай деңгейдегі семинарлар көршілес мемлекеттермен байланыс кәсіпорындарға өз пайдасын тигізеді деген үміттеміз, – деді техникалық реттеу және метрология комитетінің жетекшісі Қанат Абайұлы.

Индустрияландырудың мемлекеттік деңгейдегі маңызы жоғары. Кәсіпорындардың мемлекетке, экономикаға тигізетін үлесі зор. Қазақстанның ұлттық деңгейін 2025 жылға дейін көтеруге экспорттардың пайдасы бар екені анық. Экспортты әлемдік байланысқа алып шығу маңызды. Сонымен қатар, бұл қазақстандық тауарларды әлем сауда-саттығына шығаруға мүмкіндік береді. Әрбір мемлекетте ішкі сауда-саттықта түсетін тауардың сапасы мен бағасын қадағалайтын органдардың бар екені белгілі. Бұл семинар көрсеткендей, кәсіпорындар экономиканың дамуына пайдасын тигізеді деп күтілуде.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС
НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Алматыда Өңірлік кәсіпкерлер палатасының төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов Ирак республикасы елшілігінің уақытша сенімді өкілі Джабер Нахм Абдулла әл-Темими-мен кездесті.

Айнабай
МӘДИ

Тараптар сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастық пен іскерлік байланыс орнату мәселесін талқылады. Айта кетерлігі, Ирактың Қазақстандағы елшілігі 2008 жылдың 12 қазанынан бастап жұмыс істейді. Елдер арасындағы тауар айналымы 2022 жылы 7,4 млн долларды құрады. Делегация өкілдерінің айтуынша, Ирак билігі Ирак нарығына қазақстандық компаниялар мен инвестицияларды тартуға қызығушылық танытуда.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, 2019 жылдың соңына қарай Қазақстан мен Ирак

өңірлік палата ынтымақтастыққа дайын екенін білдірді.

«Кәсіпкерлер палатасы ынтымақтастық құруға ашық. Біздің басты міндетіміз – бизнесті жан-жақты қолдау, оның мүддесін қорғау. Әрине, инвесторлармен жұмыс істеу басым бағыттардың бірі. Біз екі елдің экономикасын дамытуға ықпал ететін бірлескен жобаларды іске асыруды талқылауға дайынбыз», – деп атап айтты Нұрсұлтан Шоқанов.

Спикер Алматы қаласының экономикалық мүмкіндіктері туралы да айтты. Оңтүстік астанада сауда, қызмет көрсету, өнеркәсіппен қатар туризм саласы қарқынды дамып келеді. Жақында қала әкімдігінің мегаполисті дамытудың 2040 жылға дейінгі бас жоспарын бекіткенінен хабардармыз.

«Мамандардың болжамына сай, қала халқы осы уақытқа дейін 3 миллион адамға дейін өседі. Бұл инфрақұрылым, тұрғын үй, коммерциялық және әлеуметтік нысандардың құрылысына үлкен инвестиция салынатынын білдіреді. Әлбетте, әлеуметтік-экономикалық даму серпіні бизнеске жаңа мүмкіндіктер ашады», – деді Өңірлік кәсіпкерлер палатасының басшысы.

Н.Шоқанов Алматыда бірлескен жобаларды іске қосуға болатын бірқатар еркін экономикалық аймақ жұмыс істейтінін, Қытай мен Еуропаның сауда жолдарына жақсы қолжетімділік дамығанын айтты. Кездесу қорытындысында тараптар – Ирактың сауда палатасы мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арасындағы ынтымақтастықты егжей-тегжейлі талқылауға келісті.

ЭКОНОМИКА



Алматы индустриялық аймағы

БҰҰ Жаһандық шартына қосылды

Алматының индустриялық аймағы тұрақты даму бағытында маңызды қадам жасады. Компания 2023 жылғы 4 желтоқсаннан бастап (UN Global Compact) толыққанды қатысушы болып, Қазақстанда ауқымды бастамаға қосылған алғашқы индустриялық аймақ атанды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы индустриялық аймағы адам құқықтары, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қатынастары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы орнықты даму қағидаттары мен құндылықтарын сақтауға міндеттеме алып, биыл қазанда БҰҰ Жаһандық шартына қосылған «Алматы» ӘКК-нің ортақ келісілген даму стратегиясына бейілділігін білдірді.

«Алматы индустриялық аймағы» ЖШС адам құқықтарына, еңбекке, қоршаған ортаға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатын қолдайды. Біз осы қағидаттарды ілгерілететін Жаһандық шартты қолдауға ниет білдіреміз», – деді «Алматы индустриялық аймағы» ЖШС директоры Әлішер Сатыбалдиев.

Біріккен Ұлттар Ұйымының көп жылдық тәжірибесіне, беделі мен мүмкіндіктеріне сүйеніп, Жаһандық

шарт компанияға бірқатар практикалық артықшылыққа, атап айтқанда тұжырымдамалық әзірлемелерге қол жеткізуге, инновациялық әдістермен алмасуға, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік даму және мемлекеттік басқару жөніндегі жобаларды іске асыруда БҰҰ құрылымдарын қолдауды пайдалануға қол жеткізіп, қызметін жария және ашық етуге мүмкіндік береді.

Өзіне қабылданған міндеттемелер аясында Алматының индустриялық аймағы жыл сайын БҰҰ-ның Жаһандық шартының қағидаттарын сақтау саласындағы жұмысының нәтижесі туралы есепті ұсынады.

● КЕРЕК ДЕРЕК

БҰҰ-ның Жаһандық шарты корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы әлемдегі ең ірі ерікті бастама. Бүгінде ол әлемнің 167 еліндегі 23 мыңнан астам қатысушының басын қосып отыр.



ТАЗАЛЫҚ

САРЫ АЯЗҒА ДАЙЫН

Алматыда қар тазалау жұмыстарына арнайы техникалар жұмылдырылады

(Басы 1-бетте)

Қалада көшені таза ұстау ШЖК «Алматы Тазалық» МКК қызметкерлерімен, сонымен бірге 9 мердігер ұйымның күшімен қамтамасыз етіледі. Аула аумақтарын жинау үшін 45 мердігер ұйым жұмылдырылады.

Тазалық жұмыстарына «Алматы Тазалық» МКК-да 619 арнайы техника бар. Мәселен, қала аудандарына атап айтқанда Алматы ауданына – 120; Әуезов ауданына – 62; Бостандық ауданына – 116; Жетісу ауданына – 87; Медеу ауданына – 128; Наурызбай ауданына – 39; Түркісіб ауданына – 67 арнайы техника бөлінген.

Қазіргі уақытта көктайғаққа қарсы материалдар қажетті мөлшерде дайындалды. 26 мың тонна тұз, 50 мың тонна қоспа бар. Биыл жолдың тайғақтығын жою мақсатында 2022 жылы сәтті енгізілген boschungfullwet сұйық реагенттерін қолдану технологиясы қолданылады. Сұйық реагент дайындалатын түзерткіштер Алматы (18 м³) және Медеу (100 м³) аудандарында орналасқан.

Кіру топтарын, баспалдақтар мен түсулерді, жаяу жүргіншілер жолдарын, көше жолдары мен тротуарларды жинау бойынша жұмыстар белгілі тәртіппен орындалатын болады. Әрі қарай контейнерлік алаңдарға кіреберістер, өткелдер мен автотұрақтар, балалар және спорт алаңдары тазаланады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АЛ МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАР САНЫ – 199.

- «Старвей Вэй СК» ЖШС (Алматы ауданы) – 18;
- «Алтын Тазалық» ЖШС (Алматы ауданы) – 31;
- «Қазақ Су Арнасы Жобасы» ЖШС (Алматы ауданы) – 22;
- «Таза Әлем ХХІ» ЖШС (Әуезов ауданы) – 6;
- «Хасен Тас Жол» ЖШС (Әуезов ауданы) – 8;
- «Gaumer A-Stroy» ЖШС (Жетісу, Түркісіб аудандары) – 58.
- «АБС ЛД-Строй» ЖШС (Жетісу ауданы) – 12;
- «Stamp Service» ЖШС (Наурызбай ауданы) – 31;
- «Альянс Групп» ЖШС (Наурызбай ауданы) – 13.



КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда тазалық жұмыстары жүруі тиіс аумақтың жалпы көлемі 25 млн м², оның ішінде 2698 шақырым көше, 1304 шақырым тротуар, 1167 шақырым арық, 3339 аула аумағы бар.
- Биыл «Алматы Тазалық» МКК қаланың тазалық жұмыстары үшін арнайы 101 жаңа техника сатып алды.

АВТОМАТТЫ ТӨЛЕМ

Алматыда ақылы автотұрақты ұйымдастыру қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылуда.



АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі

Айнабай
МӘДИ

Ақылы коммуналдық тұрақтарда бос орын мен басқа да қажетті ақпарат санын көрсететін стационарлық камералар (фото, бейне тіркеу және тұрақ уақытын есепке алу) мен электрондық құрылғыларды орнату қарастырылады. Бүгінгі таңда алаңдық тұрақтарда кіру/шығу шлагбаум жүйесімен бақыланады. Алаңдық типтегі автотұрақтардағы коммуналдық кәсіпорын кедергісіз жүйені ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Мұндай жүйе өткізу қабілетін арттыруға қызмет етеді, кіру және шығу кезегін болдырмайды. Бұл жағдай автомобильдердің тұрақ аумағына кіру уақытын қысқартады. Сонымен бірге, жүйе автомобильдерді автоматты режимде тіркеуге мүмкіндік береді. Төлемеген жағдайда айыппұл салады. Әрі бұл индикация мен бос орындарды автоматты түрде санауға жол ашады.

Бұған қоса, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ұстау мен ыңғайлылыққа жұмсалатын шығыстар бойынша бюджетті үнемдеу мақсатында төлем жасау үшін электрондық терминал да алынып тасталады. QR код арқылы бірнеше секундта төлеуге болады. Әрі бұл күнделікті өмірде қолдануға ыңғайлы болуы үшін мобильді құрылғымен біріктірілген.

Автотұрақты ұйымдастыру қағидасына сай көк түсті жол таңбасын қолдану жоспарланған. Әлемдік тәжірибеде көк таңбала ақылы автотұрақтардың шекарасын белгілеу кеңінен қолданылады. Тығыз трафикпен жол белгісі байқалмайды деп саналады, бірақ көк таңбаға сөзсіз назар аударады.

Қаулының бұл жобасы еліміздің қолданыстағы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне қойылатын талаптарға сай. Барлық мүдделі азамат жобаны талқылауға 20 желтоқсанға дейін мына сілтемемен: <https://legalacts.egov.kz/arm/admin/viewcard?id=14828548> қатыса алады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК – МАҢЫЗДЫ БАҒДАР

Қала көшелерінде арнайы жолақтар көбейіп, жаңа веложолдар салынады

Алматыда алдағы уақытта шешілуге тиіс қалалық көлік саласындағы үш негізгі мәселе бар. Ең алдымен, маршруттарды оңтайландыру, автобустар мен троллейбустар үшін толыққанды инфрақұрылым құру, сонымен қатар, қарбалас уақытта қоғамдық көліктің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету қажет.

Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібасевтың айтуынша, қазақстандық нормативтер қаланың тар көшелерінде әрдайым мүмкіндік бола бермейтін арнайы қоғамдық көлік жолақтарын құру үшін алты жолақтың болуын талап етеді.

Алматы үшін арнайы техникалық шарттарды әзірлеп жатырмыз, осы мәселені де қамтығымыз келеді. Сонымен қатар, жолақтың енін азайтуды ұсынамыз. Қазір оның ені көліктер үшін 3,5 метр, қоғамдық көліктер үшін 4 метр. Көптеген елде жолақтардың өл-

шемі сәйкесінше 2,7 және 3,1 метр. Қаламыз үшін де осындай параметрді көздеп отырмыз. Содан кейін таңба сызуды өзгерте аламыз, жолда бос жерлер қалады, онда біз қоғамдық көліктер мен веложолдарға арналған жолақтарды жабдықтаймыз, – деп жоспарымен бөлісті.

Бұған қоса, Райымбек даңғылында жылдам транзит (БРТ) жобасына ерекше назар аударылады. Автобустар үшін басымдықты қамтамасыз ету үшін екі жолақты (жолдың әр жағынан бір) толығымен қоғамдық көлікке беру, арнайы бағдарламдар



мен реттелетін жаяу жүргіншілер өткелдерін орнату жоспарға енген. Құрылыс-монтаж жұмыстары келесі жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланып отыр.

АБАТТАНДЫРУ

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАДЫ

Түркісіб ауданының Байрон, Тбилисская және Баймағамбетов көшелерінде жаяу жүргіншілер аймақтарының құрылысы аяқталды. Көпірлердің жалпы ұзындығы шамамен, 1000 метр.

Үш учаскені тұрғындар бұрын абаттандырылмаған жолдар ретінде пайдаланған.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жаяу жүргіншілер жолдары салынып,

көше жарықтандыру желілері мен баспалдақтар орнатылды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолайлы жағдай қарастырылды.

Қазіргі таңда аудан әкімдігінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Айта кеткен жөн, биыл Түркісіб ауданы үшін 78 жобаны жүзеге асыруға 1,6 млрд теңге бөлінді. Бүгінде аулаларды жарықтандыруды, ойын алаңдарын

салуды, тереңдетілген қоқыс контейнерлерін орнатуды және жаяу жүргіншілер көпірлерін жөндеуді қоса алғанда 61 нысан аяқталды. Жыл соңына дейін балалар алаңдарын салуды, жаяу жүргіншілер көпірлерін жөндеуді және жаяу жүргіншілер-серуендеу аймақтарын жайластыруды қосқанда тағы 17 жобаны аяқтау жоспарға енген.

Бетті әзірлеген
Құралай ЖҰМАДИЛОВА.



ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАРЛАР, НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР

Алматы әкімдігі биыл әлеуметтік салада, мәдениет, спорт бағыттарында қандай жетістіктерге қол жеткізді?

Биылғы жыл да аяқталып қалды. «Не тындырылды, не атқарылды?» деп өткенге көз жүгіртер кез келген секілді. Ауыз толтырып айтарлықтай қандай тың жаңалықтарымыз бар? Келер жылға не жоспарлап отырмыз? Міне, осы жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман ҚЫРЫҚБАЕВ тарқатты.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ 2,4 мың адамның жұмысқа орналасуына дәнекер болды

Алматыда жыл басынан бері ұйымдастырылған бос орындар жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша 34,1 мың жас жұмысқа орналасты. Қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев айтып өткендей, оның ішінде 27 мыңнан астамы тұрақты жұмыспен, ал 6,4 мыңы уақытша жұмыспен қамтылған.

Мегаполистің барлық ауданында жыл басынан бері 26 мың адамды, оның ішінде NEET санатындағы жастарды қамтитын «Мансап күндері» өткізілді. Сөйтіп, қалалық Мансап орталығы 2,4 мың адамның жұмысқа орналасуына дәнекер болды.

Сонымен қатар, сұранысқа ие мамандықтар бойынша 30 қысқа мерзімді оқыту курсы іске қосылып, 10,2 мың адам оқытылды, оның 9,2 мыңы жұмысқа орналастырылды, ал 1 мың адам тағылымдамадан өтуде.

Алматыда Jasalmy.kz порталында жастардың жұмыс іздеуіне, табуына септігін тигізетін Jobfiir365 бірінші платформасы іске қосылды.

«Платформаның ерекшелігі – онда жастар тегін негізде жұмыс іздеп қана қоймай, сертификат ала отырып, қысқа мерзімді курстардан өтуге мүмкіндігі бар», – деп атап өтті А.Қырықбаев.

Бүгінгі таңда аталған платформаны 13,5 мыңнан астам адам пайдаланды, 3,7 мың бос жұмыс орны орналастырылып, 1,5 мың жұмыс беруші тіркелді. 1,8 мың адам жұмысқа орналастырылды.

Әкім орынбасары атап өткендей, сонымен қатар жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне қолдау бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Биыл 8 жастар комунити-орталығы іске қосылды. 2023 жылдың соңына дейін олардың саны 16-ға дейін жетпек.

«Болашақта орталықтар тартымды орнаа айналады, NEET санатымен жұмысты жаңа деңгейге шығарады, олардың есебін жүргізуге мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған іс-шаралар кешені NEET жастарының үлесін 2023 жылдың 11 айында 8,3%-дан 7,3%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Биыл жыл соңына қарай 7%-ға дейін, 2025 жылдың соңына қарай 5,2%-ға дейін және 2030 жылдың соңына қарай 4%-ға дейін қысқартуды жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті А.Қырықбаев.

● Алматыда Jasalmy.kz порталында жастардың жұмыс іздеуіне, табуына септігін тигізетін Jobfiir365 бірінші платформасы іске қосылды.

ЗАМАНАУИ КІТАПХАНАЛАР, ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕР

Шаһарда 65 мыңнан астам бала мен жасөспірімдер секциялар мен үйірмелерге тегін қатысып жүр

Биыл Алматы қаласында мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысты іске асыруға жергілікті бюджеттен 16,2 млрд теңге бөлінді.

Орталықсыздандыру шеңберінде 2023 жылғы 1 сәуірден бастап мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстарды орналастыру және қаржыландыру функциялары аудан әкімдіктерінің құзыретіне берілді.

Мемлекеттік орган жұмысының құрылымына енгізілетін өзгерістер балалардың қала аудандары бойынша қажеттіліктеріне нақты



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

талдау жасауға, қала аудандарының инфрақұрылымын дамытуға айқындауға, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға ықпал етеді.

Арман Қырықбаев баспасөз мәслихаты барысында шаһарда жаңа мәдени нысандарды ашу, сондай-ақ бұрыннан бар нысандарды қайта жаңарту жоспарланғанын да тілге тиек етті.

Қалада 20 кітапхана, «Райымбек батыр» музей кешені, «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық парк базасында сақ мәдениет орталығын, «Жаңа ғасыр» жастар театрын ашу жоспарлануда. Сондай-ақ, Қазақ мемлекеттік циркін, Алматы хайуанаттар бағын, Н.Сац атындағы Мемлекеттік балалар мен жасөспірімдерге арналған академиялық орыс театрын қайта жаңарту көзделген.

Сонымен қатар, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау мақсатында А.Байтұрсынұлы музей-үйі қалпына келтірілді, Д.Қонаев мұражайына күрделі жөндеу жүргізіліп, экспозициялары жаңартылды. Ғ.Мүсірепов музей-үйі қайта экспозицияланып, С.Мұқанов музей-үйінің экспозициясы жаңартылды.

Арман Қырықбаев мәдениет нысандарының тапшылығын ескере отырып, Алатау, Наурызбай, Жетісу және Түркісіб аудандарында заманауи коворкинг-орталықтар форматында жаңа кітапханалар ашу жоспарланғанын да атап өтті. Ол үшін жыл соңына дейін 5 үй-жай сатып алынады.

Қала төріндегі А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхана базасында кітапхана процестерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйе іске қосылды. Жыл соңына дейін осы жүйеге тағы 4 филиалды қосу жоспарлануда.

● Алматыдағы 2500-ден астам секция мен үйірменің ақысы жергілікті бюджет есебінен төленеді.

СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР Мегаполисте әртүрлі меншік түріндегі 3703 спорт нысаны жұмыс істейді

Қалада биыл үш мыңнан астам спорттық-бұқаралық іс-шара өткізілген. Алматылықтар тек бұқаралық спортқа ғана емес, кәсіби спорт түрлерінде де топ жарған. Бүгінде Алматы спортшылары республика құрамасының 30%-ын (772 адам) құрайды. Мегаполисте әртүрлі меншік түріндегі 3703 спорт нысаны жұмыс істейді. Бүгінгі күні халықтың спорттық инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі 72,5%-ды құрайды.

«Сонымен қатар, «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жаңа спорт нысандарын ашу мен жұмыс істеп тұрған спорт нысандарын жаңғыртуды, оның ішінде жыл сайын 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды қамтитын қаланың спорттық инфрақұрылымын жақсарту жөнінде іс-шаралар қабылдау көзделген», – деді Арман Қырықбаев.

Бүгінде қалада Жетісу ауданының «Кемел», «Айнабұлақ» және «Құлагер» ықшамаудандарында үш ДШСК жұмыс істейді. Биыл жеке қаражат есебінен наурыз айында Бостандық ауданында «Чемпион» спорт кешені ашылды. Осы жылдың соңына дейін «Зерделі», «Жас

қанат» және «Алатау» ықшамаудандарында тағы үш ДШСК іске қосылады.

Барлық кешен көп функциялы. Онда ойын спорт түрлеріне, жекпе-жекке және су спортына арналған әмбебап зал орналасқан, сондай-ақ олар мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделген.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары бүгінгі күні «Ақжар», «Шұғыла», «Саялы» ықшамаудандарында және «Авиатор» стадионында тағы төрт ДШСК-нің жобалық-металық құжаттамасы әзірленіп жатқанын хабарлады. Бұдан басқа, «Орталық стадионды», «Медеу» СК мұз айдынын жаңғырту және 5000 орынды жеңіл атлетикалық манеж салу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Спикер спорттағы жетістіктерімізге де тоқталды. Мысалы, биыл 3 мыңға жуық, оның ішінде 35 ірі халықаралық, спорттық-бұқаралық іс-шара өткізілген. Олардың арасында: шахматтан Азия чемпионаты, FIBA 3*3 Asia Zone Qualification, Алматы марафоны, эстетикалық топтық гимнастикадан Әлем чемпионаты, киокушинкай-кан каратеден Әлем чемпионаты, семсерлесуден Азия чемпионаты және т.б. Арман Қырықбаев Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет Алматы атынан қатысқан еркін күрескер Айтмұхан Ризабек әлем чемпионатының алтын медалін жеңіп алғанын да атап өтті.

● Биыл алматылық спортшылар 373 медаль жеңіп алды, ҚР IV қысқы жастар ойындарында және ҚР VI жазғы спартакиадасында жалпы командалық есепте бірінші орынды сенімді түрде иеленді. Ханжолда өткен Азия ойындарында біздің спортшылар 26 медаль жеңіп алды (1 алтын, 4 күміс, 21 қола). Бұл Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда екінші көрсеткіш.

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

Студенттік жатақханалар салу бойынша жобалық кеңсе жатақхана тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді

Спикер шаһардағы жатақхана мәселесіне де тоқталып өтті. Алматы – жастар қаласы. Мегаполисте 35 ЖОО орналасқан, онда 199 мыңнан астам студент оқиды, оның 124 мыңы басқа өңірлерден келгендер. Алматы қаласының әкімдігі жоғары оқу орындарының басшылығымен бірлесіп, басқа өңірлерден келген студенттерді жайлы жатақханамен қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Мәселен, 9 ЖОО (эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Нархоз, ХОК, КИМЭП, «Тұран», UIB) 3284 студент тұратын 23 жатақханамен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандумдар жасасу кезінде санитарлық және өртке қарсы қауіпсіздік нормаларының сақталуы ескерілді, уәкілетті органдар (Төтенше жағдайлар департаменті, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті және Қала құрылысын бақылау басқармасы) тексеру жүргізді.

«Биылғы қыркүйек айында басқа қаладан келген студенттердің 50%-дан астамы төсек-орынмен қамтамасыз етілді. Бұл 30–35% аралығында өзгертін әлемдік көрсеткіштерден едәуір асып түседі. 2016 жылдан бастап төсек-

орындарға қажеттілікті анықтау мақсатында біз қаланың жоғары оқу орындары арасында сауалнама жүргізіп келеміз. Жыл сайын тапшылық шамамен 32–35 мың орынды құрайды. Осы іс-шараның арқасында мәселенің өткірлігі оқу жылының басында жойылады», – деп түсіндірді ӨКҚ спикері.

Бүгінгі күні қалада 102 жатақхана жұмыс істейді, онда 33,5 мыңнан астам студент тұрады.

2023 жылдың соңына дейін 12 мың төсек-орын, ал 2030 жылдың соңына дейін тағы 20 мың төсек-орын құру жоспарланған. Ал бұл өз кезегінде жатақхана тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді.

Осы жылдың наурыз айында студенттік жатақханалар салу бойынша жобалық кеңсе іске қосылды. Жыл соңына дейін 3959 төсек-орынға арналған 15 нысанды пайдалануға беру жоспарлануда, оның ішінде 1550 төсек-орынға арналған 7 нысан осы жылдың қыркүйек айында іске қосылды.

● Бүгінгі күні қалада 102 жатақхана жұмыс істейді, онда 33,5 мыңнан астам студент тұрады. 2023 жылдың соңына дейін 12 мың төсек-орын, ал 2030 жылдың соңына дейін тағы 20 мың төсек-орын құру жоспарланған. Жыл соңына дейін 3959 төсек-орынға арналған 15 нысанды пайдалануға беру жоспарлануда, оның ішінде 1550 төсек-орынға арналған 7 нысан осы жылдың қыркүйек айында іске қосылды.

ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ЖОБАЛАР Қала көшелерінде мереке атрибуттары пайда болады

Жаңа жыл да таяп қалды. Әсем Алматы көшелерінде шыршалар, ертегі кейіпкерлерінің бейнелері және мерекенің басқа да атрибуттары желтоқсан айының ортасында пайда бола бастайды. Дизайн бойынша негізгі жұмыс желтоқсан ортасында басталмақ. Журналистердің сұрақтарына жауап берген Арман Қырықбаев ұзындығы 20 метр болатын жаңажылдық басты шырша Абай атындағы алаңда орнатылатынын айтты. Оның шамы салтанатты түрде 20 желтоқсанда жағылып, мерекелік концерт те сол күні өтеді.

«Жалпы, Жаңа жылда қалада 60-тан астам шырша орнатылады. Қала тұрғындары мен қонақтары үшін қысқы фестиваль, түрлі шеберлік сыныптары, жас суретшілердің сурет көрмелері, аниматорлық бағдарламалар, концерттер және мобилографтар арасында жаңа жылдық үздік бейнероликтерге арналған байқау сынды түрлі тақырыпта іс-шаралар өтеді. Алғаш рет, аудандарда туыстары мен жақындарына сыйлықтар сатып алуға болатын жаңа жылдық жәрмеңке ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, Аяз аталар иеруі өтеді», – деді А.Қырықбаев.

Жыл сайын ШОБ, ірі сауда орталықтары және басқа да нысандар жаңа жылдық безендіруге белсенді қатысып, келушілерді қуантқысы келеді.

Қаланы безендіруде жарық композицияларының бірінші стильде болуына басты назар аударылады. Жаяу жүргіншілер көшелері (Панфилов және Жібек жолы), Абай және Астана алаңдары, Тұңғыш Президент саябағы, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының, Н.Сац атындағы жасөспірімдер театрының, «Алматы арена» мұз кешенінің алдындағы алаңдар, сондай-ақ әрбір аудандағы кісі аяғы көп жүретін нүктелер инсталляциялармен, иллюминациялармен және фото-аймақтармен безендіріледі.

Арман Қырықбаев жаңажылдық безендіру кезінде өткен жылдан қалған жарамды конструкциялар да көдеге жаратылатынын атап өтті. Ал жаппай сырғанау үшін қалада 22 ашық мұз айдыны ұйымдастырылады. Спикер ашық мұз айдындарының аумағында спорттық-ойынсауық бағдарламаларын, конкурстар, флеш-мобтар, жүлделі ұтыс ойындарын, демалыс аймақтары мен кофе-пойнттар ұйымдастыру жоспарланғанын айтты.

● Жаңа жылда қалада 60-тан астам шырша орнатылады. Ұзындығы 20 метр болатын жаңажылдық басты шырша Абай атындағы алаңда орнатылатынын айтты. Оның шамы салтанатты түрде 20 желтоқсанда жағылып, мерекелік концерт те сол күні өтеді. Жаппай сырғанау үшін қалада 22 ашық мұз айдыны ұйымдастырылады.



Ермұрат БАПИ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:



МАҚСАТ – БОЛАШАҚ ҮШІН ҚЫЗМЕТ

Елдің мүлкіне қол салғандардың шетке асырған активтерін табанды түрде елге қайтаруға ниеттіміз

Америка Құрама Штаттарының отыз бесінші президенті Джон Кеннеди «Америка маған не береді емес, мен Америкаға не беремін?» деген қағиданы ұстанған екен. Дамыған державалар санатына ену үшін осындай алмағайып заманда отаншылдық мақсат-мүдде ауадай қажет екені айқын. Білгір шешен Сырым Датұлы «Мен ағайынды екеумін: біреуі – өзім, екіншісі – хал-қым» депті. Тауып айтылған ұлғатты сөз. Осыған қарап бұқара мен билік бірлесіп іс қылса, тірлік өнетінін байқаймыз. Сондықтан елдегі әлеуметтік экономикалық өзгеріс пен тың бастамалар төңірегінде ой қозғауды жөн санадық. Осы және өзге де өзекті мәселелер жайында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ермұрат БАПИМЕН сұхбат құрған едік.

Мемлекет ісі баршаға ортақ

– Әділетті Қазақстан орнап келе ме?

– Біздің қоғам және халық шынында да жаңа әрі Әділетті Қазақстан орнатуға мүдделі десек, соның ең басты алғышарты – теңдік орнату болып саналады. Осы уақытқа дейінгі жүріп өткен соқпағымыз айтылмаса да ұғынықты. Шынын айту керек, бұған дейін жеке бастың қамын алға шығарып алған едік. Бұның арғы жағында талай дүние жатыр. Сондықтан автократиялы жүйеден тазартылып, жаңа көзқарастармен ілгерілей беру қажет. Өйткені, мұнсыз бір қадам да жылжу қиын. Сол себепті де, әділетсіздік әбден еңсесін басқан жұртты әділеттілік табатындай жағдайға жеткізу керек. Дәлірек айтсақ, халық заң орындарынан, күштік құрылымдардан ақиқаттың алдаспанындай болатын әділетті қоғам құруға ұмтылысты іс жүзінде көруі тиіс.

Негізінен халық заңның негізінде өз мүддесін қорғай білгені жөн. Баяғыдай «бармақ басты, көз қысты» немесе «жең ұшынан жалғасқан жемқорлық» сияқты оғаш, одағай әдеттен арылу қажет. Қарапайым адамдарда қалайда әділетке қол жеткізе алатындай сенім, мүмкіндік болуы шарт. Қазіргі жаңа әділ қоғам құруға талпынған ниетіміздің барлығына нұр жауғай. Осы арада шапалақ бір қолдан шықпайды дегіміз келеді. Әркім өз хал-қадерінше осыған атсалысса игі. Біреудің ықпалына кірмей, болашаққа нық қадам басудың алғы шарттары жасалуы қажет-ақ. Әсіресе, ел дамуында жастардың үлесі, тигізер пайдасы зор болғаны абзал. Жалпы Әділетті Қазақстан ұғымы атына заты сай құрылуы қажет деп ойлаймын.

Экономикаға қалыпты динамика керек

– Президент Жолдауында экономикалық бағытқа айырықша басымдық берілгені белгілі. Халық қалаулысы ретінде Сіз тағы нақты қай салаға басымдық берген дұрыс деп ойлайсыз?

– Біздің елде әлдебір саланы дамыттайық, қалғаны тұра тұрсын деген жаңсақ пікір болмай-ақ қойсын. Ондайдың қажеті де жоқ. Бүкіл елді, барша қоғамды оның экономикалық саясатымен бірге қамтамасыз етейік. Әрине, ең бірінші кезекте бүгінгі таңдағы қымбатшылық пен кедейшілікті шегінен асырмаудың әрекеті алдыңғы орында тұруы тиіс. Сол үшін де экономикалық салаға басымдық берейік. Сонымен бірге, ептеп-ептеп саясат, рухани өмір, әлеуметтік салада да өз бағыт-бағдарларымызды, орнықты мақсат-істерімізді қолға алғанымыз жөн. Таяқтың екі ұшы болатын болса, қос тарапты да қапыда қалдырмайық.

Елдегі экономикалық өсім белгілі бір динамикаға сай бірқалыпты һәм ұдайы өсіп, жоғарылап отыру қажет деп білеміз. Осы аталған қарапайым қағидалар халықтың белгілі бір талабына сай өсіп отырса ұтар ұпайымыз еселене түспек.

Сырттан қайтқан қаржыны ел несібісіне жұмсайық

– Шетел асқан активтерді қайтару ісі қалай жүзеге асып жатыр?

– Қазақ Парламентінде осы бір айдың төңірегінде сыртқа кеткен активтерді қайтару туралы заң қабылданды. Енді заң бар, соның тәжірибелік тұрғыда жүзеге асырылу мәселесі қалай болатындығы алаңдатыны да жасырын емес. Құрылған комиссияның нендей істер атқарып жатқандығы беймәлімдеу.

Мемлекет басшысының алдымызға қойған қағидағы – әділеттілік орнату болатын. Осы іске жұмыла кіріскен жөн. Елдің мүлкіне қол салғандардың шетке асырып жіберген активтерін табанды түрде елге қайтаруға ниеттіміз. Бұл бағытта атқарылатын істер бір сәт болсын толастамауы



қажет. Сонымен қатар, ашық әрі адал жолмен жұмыс жасалатындығын ашып көрсеткенді құптаған болар едік. Сырттан қайтқан қаржыны елдің қазынасына құйып, халықтың талап-тілегіне, мұрат-мүддесіне сай жұмыс істете білейік. Сондай-ақ, елдің алға қарай дамуына да қайтарылар қаражаттың септігі мол.

Біртіндеп игі істердің шеті қылаң беріп келеді. Біршама өзгерістер аурасы байқалады. Алайда, ауыз толтырып, жыргатып бөлен-түген дей алмаймыз. Бәрін уақыт көрсетер.

Тіл мәселесі түбі бір шешіледі

– Мәжілісте Мемлекеттік тілге қатысты қазақ қоғамын алаңдатқан мәселелер қарала ма?

– Тіл мәселесі тек бізге тіреліп тұрмағанын білесіздер. Қазіргі геосаяси ахуал шатқаяқтап тұр. Бұл геосаяси жағдайды ушықтырудың құралына айналып кетті. Теңселіп тұрған заманда әр қадамды аңдап басу қажет. Байқампаз адам байқайтындай үлкен тірліктер жасалып жатыр деп ойлаймыз.

Бүгінде қазақ халқының саны 70%-дан асты. Бізде оң даму үрдісі бар. Қазіргідей аумалы-төкпелі уақытта қалыптасқан тыныштықты теңселтіп жібермейік. Бізге тыныштық қажет. Осы тұрғыда саяси билік байқампаздық пен сақтық танытып отыр деп ойлаймын. Тіл мәселесі көпке созылмайды, түбі шешіледі. Бірнеше жылдың ішінде оң нәтижеге жетеміз деген сенім бар.

Оң тенденциялар байқалады

– Іргеміздегі қырғыз ағайындар мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдағаны белгілі. Көршілес ел парламентіндегі бұл үрдіс жайлы ой-пікіріңіз қандай?..

– Парламенке келгелі байқағанымыз, экономикалық-әлеуметтік салада орыс тілін қолданудың үлес салмасы 70%-ды құрайды екен. Мойындау керек, мемлекеттік саяси қарым-қатынас тілінің де көрсеткіші осындай болып тұр. Бұл мәселені Конституциядағы 7 баптың 2-тармағын алып тастау арқылы шешуге болар еді. Бірақ бір жағынан, мұндай шұғыл әрекеттің елдегі дамудың қазіргі жай-күйіне нұқсан келтіретіні де сезіліп тұр. Өйтпегенде, мемлекеттік қызметке қазақ тілін білмейтіндерді қабылдамайтын заң шығарып, сол арқылы тіл мәселесін шешіп тастай алатын едік.

Мемлекеттік тілді бәрі бірдей білетін, онсыз мемлекеттік қызмет істей алмайтын жағдай түбі бір орнайды. Өлгінде айтқанымдай тіл мәселесі көп ұзатпай шешімін тауып қалар. Қазір Мәжілістің 95%-ы тек қазақша сөйлейді. Қазақ тіліне байланысты оң тенденциялар Парламенттен басталды. Ендігі іске береке беріп, сәтін салғай. Бұйырса, бұл игі өзгеріс мемлекеттік бағдардың басқа да саласында рет-ретімен жанданбақ. Осы күні Парламент қабырғасына келген министрлер, жалпы әкім-қаралар тек қана қазақша есеп беруге тырысатын болды. Бұны депутаттардың қазақша сөйлеуге қатысты талапты күшейтуімен байланыстырамыз.

Қазақ елінде қазақ тілінің мәртебесі жерде қалмайды. Уақыттың өзі біраз мәселені күн тәртібіне алып келеді. Елдің ішінде қазақша сөйлейтін азаматтар, жастардың қатары артып барады. Бұл қуанарлық жағдай. Ендігі кезекте кәсіби түрде қазақ тілінің қолданыс аясы ұлғаяды деген үлкен үміт пен сенім бар.

Жастарға қамқор болайық

– Жастар саясаты – мемлекеттің маңызды бағдары. Бұл бағыттың қазіргі жай-күйін қалай бағалар едіңіз?..

– Қазір жастарымыздың көбі елден жырақта, сыртта білім алып, жұмыс та істеп жүр. Оларды қазір қақпайлап ұстай алмаспыз. Дәл бүгінгі экономикалық жағдайда мәселені түбегейлі шешеміз деп кесіп айту мұң. Жастарымыз жақсы білім алатын, жұмыс істеп, табыс табуға жайлы елдерге ұмтылады, тірлікке тәуір елге баруға ынтық. Қарақөздеріміз алдағы уақытта да өзіне жағдай жасай алатын қоғамға қарай бет бұра беретіндігі анық. Бұл ретте патриоттық сезімді күшейтуді, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті насихаттауды мықтап қолға алған дұрыс. Сол үшін де ел болашағы үшін қызмет етуіміз керек. Ең басты талап осы. Елдегі экономикалық, тұрмыстық әлеуметтік жағдай жақсарған кезде өз мемлекетіне, өзінің еліне қызмет етуге ынтылы жастар көбейеді. Жас ұрпаққа қамқор болсақ, олар елге қызмет етпей қоймайды.

Қазақ мемлекетінің жарқын болашағы сіз бен бізге тікелей байланысты. Біз үшін жер ғаламшарындағы жалғыз жұмақ, ол – Отан, туған ел, ағайын.

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

СИМПОЗИУМ

АҚПАРАТ АЛМАСУҒА МҮМКІНДІК

Алматыда ИКАО TRIP
жолаушыларды
сәйкестендіру бағдарламасы
бойынша аймақтық
симпозиумның ашылуы
болды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

Алматыда ИКАО
Халықаралық азамат-
тық авиация ұйымы-
ның қолдауымен TRIP
жолаушыларды
сәйкестендіру бағдар-
ламасы бойынша
аймақтық симпозиум
жұмысын бастады.
Іс-шара ҚР Көлік
министрлігі, Азамат-
тық авиация комитеті
және Қазақстанның
авиациялық
әкімшілігінің қолдауы-
мен өтуде.



**Пердехан
ШӘМШИЕВ**

Симпозиумының ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Көлік вице-министрі Талғат Ластаев, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) Авиациялық қауіпсіздік және формальдылықты оңайлату секторы директорының орынбасары Сильвэн Лефуайе, сондай-ақ ИКАО-ның бұрынғы Бас хатшысы Реймонд Бенджамин сөз сөйледі.

Талғат Ластаев өз сөзінде Қазақстанның авиациялық билігі азаматтық авиацияның қауіпсіз дамуын және әуе транзитінің тартымдылығын арттыруды көздейтінін атап өтті. Ол үшін елімізде азаматтық авиация саласын басқарудың жаңа тәсілдерін енгізу және ұшу қауіпсіздігінің әлемдік стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын айтты. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген спикерлердің бәрі қатысушыларға сәттілік тілеп, іс-шараның жоғары өтуіне тілектес екенін айтты.

TRIP (Traveller Identification Programme) – аймақтық симпозиумы алғаш рет Қазақстанда өтуде. Ол жолаушыларды сәйкестендіру процесін басқарудың барлық аспектілері бойынша ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін әлемдік деңгейдегі іс-шара.

Симпозиум 6–8 желтоқсан аралында өтеді. Үш күн ішінде ИКАО-ның TRIP стратегиясының бес элементімен тікелей байланысты 10 сессия өткізу жоспарланған. Атап айтсақ, сәйкестікті растау, машинамен оқылатын жол жүру құжаттары, құжаттарды беру және бақылау, тексеру жүйелері мен құралдары, өзара толықтырылатын ақпараттық жүйелер.

Тір симпозиумына Канада, Франция, Швейцария, Түркия, Катар, Сингапур, Америка Құрама Штаттары, Қытай, Сауд Арабиясы, Австралия, Румыния, Жаңа Зеландия, Германия, Ресей Федерациясы, Әзербайжан, Армения және т.б. 30 елден 280-ден астам қатысушы қатысатынын атап өткен жөн.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

АЛҒЫСӨЗДІҢ АВТОРЫ

Таң бозынан безілдеген телефондағы дауыс: «Сізді әкім шақырып жатыр, тез жетіңіз», – деді. Абырой болғанда күн жексенбі еді. Кептеліс жоқ. Жедел жеттік. Әкімнің кабинетінде қалалық әкімдікке қарасты БАҚ басшылары, баспасөз хатшысы отыр.

– Қос, – деді Ахаң тұтас бір қабырғаның жартысын алып тұрған теледидарды нұсқап. Жергілікті телеарна хабарының тақырыбы – жемқорлық, жезөкшелік, нашакорлық, жұмыссыздық, қайыршылық, кептеліс, т.б. Әкімнің қызметке кіріскеніне шамасы үш ай болған. Бұған дейін бәрі тым-тырыс болатын. – Бұл қалада қашан күн шығады, мырзалар, – деді Ахметжан Есімов. «Мырзалар» деген тұсқа әжептәуір екпін түсіріп сөйледі. Жерге қарап отырмыз.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

– Ал сен қалай ойлайсың, – деп маған қарағанда, не дерімді білмедім. Қарға қарғаның көзін шұқысын ба, сасқанымнан әріптестеріме қарай беріппін. Қысқасы, бұл жиыннан мойнымыз салбырап, ер-тоқымымыз артқа кетіп қайттық. Оның үстіне жаңа әкіммен алғаш бетпе-бет кездесуіміз осылай басталды. Менің есіме осыдан біраз бұрынғы жағдай түсті. Ахаң екеуіміз сырттай таныс болып қалған едік. Бұл жолы маған ескі танысындай назар аударуының сыры былай.

Бұл жолы да телефон таң бозынан безілдеген.

– Әй, батыр, елуге келген адам қалай тыныш жатырсың, – деді. Сасқанымнан «бұл кім екен?» деппін. Әлі көріп, білмеген әкім телефон соғады деп ойламайсың ғой.

– Ахметжан Есімов (жалпы ресми адамдар көбіне аты-жөнін толық айтады ғой), – деді де жаңа ғана «Таңшолпаннан» мені құттықтап жатқанын айтты. Содан бұл кісі күтпеген сауал қойып тағы састырды.

– Мен неге сені орнында қалдырдым, – десін. Мен жауап берем дегенше бұл тығырықтан да өзі шығарып алды.

– Сендер жұмыс істейді екенсіңдер, давай ауырма, аман болыңдар, – деді.

Кейінірек біле бастадық қой, бұл кісінің барған жерінде бірден команда жасақтап, жұртты әбігерге салу табиғатында жоқ екен. Алдымен әр саланың жұмысын ішпей, сырттай сарапалап, бақылап, жергілікті кадрдың әлеуетін әбден екшеп, екі шоқып, бір қарап сүзгіден өткізетін көрінеді. Естуімізше, «Алматы ақшамының» тігіндісін де тәптіштеп қарағанға ұқсайды. Айтары жоқ бұл ойымызға бұдан соң да талай мәрте көзіміз жетті. Ахаң туралы айтылуға тиісті ойдың бірсыпырасы былай бедерленді.

Шыңғыс қаған заманынан бермен «Жаугершілік заманда аттан түспеген дұрыс шығар, ал бейбіт күні ел басқаруға келгенде аттан түсу керек» деген сөз қалған деседі. Бұл сайып келгенде, өнердің өнері ел басқару ісінде басшы адамның бойында айрықша қасиеттер болуы қажеттігіне меңзейді. Айтса айтқандай, екі шоқып бір қарау, тез, асығыс шешім қабылдамау, кісінің бағасын білу, қоғамдық ситуацияны жан-жақты бағамдау, мемлекет мүддесі мен ұлт мүддесін қатар ойлап, терең түсініп және оған парасат-пайым, білім-білігін серік етіп, халықтың пайдасына жұмыс істеу де екінің бірінде жоқ қасиет. Қашанда айқайламай, жарнамасыз жұмыс істейтін Есімовтің осындай ұстанымы, артықшылығы да әркез табыла кететін сарапшылар тарапынан да қалыс қалмай, оң бағасын алды. Айтарымызды мысалмен мәндідейік.

Қайсыбір жылы Алматының төңірегінде

терактілердің нышаны байқала бастады. Үрейге үрей қосқан мұндай оқиғалардың Таусамалы, Бағанашыл тұсында болғанын ел ұмыта қойған жоқ. Алматының іші-сыртын ерді түгендеп, іске енді құмбыл кірісіп жатқан шақта әкімге оқыс оқиғаның түрлі ой салғаны рас. Қажетті жерінде пікірін бүкпесіз айтатын Ахаң ойлана келе бұл аймақтардың Алматыға қарау қажеттігіне тоқталды. Себебі, бір орталықтан басқарудың тиімділігі дәлелдеуді қажет етпейтін еді. Бұл өңір облыстан тым жырақ, Алматының ішінде жатыр. Ұсыныс Мемлекет басшысы тарапынан қолдау тапты. Оның үстіне, сол тұста қалаға кірген 23 мың гектар аймақтың проблемасы да шаш-етектен. Әрине, әкімге артық жұмыстың, өзіне-өзі «сор» тілеп алудың не қажеті бар еді. Алайда, шаһар мүддесі, келешегі үшін осындай қадам жасамасқа және болмады.

Әрине, шағын мақалада әкімнің бар атқарған жұмысын бүге-шігесіне дейін айтып шығу мүмкін емес. Соның өзінде көктей шолып шығуға болады. Алматыдағы Кеңес өкіметінен бермен қарай жұрттың күнкөріс

көзіне айналған атақты «Барахолканы» кім білмейді? Бұған дейін ешкімнің тісі батпаған шулы аймақты заманауи талаптарға сай жаңғыртып, өркениетті үлгідегі сауда орнына айналдыруға күш салу оңай болды деп кім айтсын? Сонымен қатар, «Көкжайлау» дауы да Ахаңның кезінде көтеріліп, оны шешудің жолдары да оң шешімін тапты. Сонымен қатар, құрылысы 20 жыл бұрын басталған метро жырына да нүкте қойылды. Метро 2011 жылы іске қосылып, тәулігіне 40 мың жолаушы тасымалдады. Басқасын былай ойғанда, даулы мәселесі шаш-етектен, тұрғындары негізінен елдімекендерден қоныс аударған Алатау ауданын ретке келтіру біріккен қалалық салғанмен бірдей болды десек, қателесе қоймаспыз. Өзім осы ауданнан үш мәрте депутат болғанда келешекте шешімі қалай болатындығына көз жетпеген мәселелер де шешімін тауып жатты.

Әсіресе, бұл өңірдегі ең шулы мәселе заңсыз салынған баспаналар еді. Бұл ретте Ахаңның тікелей қамқор болуымен мындаған баспаналар заңдастырылып, із заңдастыруға келмеген күнде де үйсіз қалдырмаудың жолдары қарастырылды. Басқасын былай ойғанда, тіпті велосипедті қалада қажетті көлікке айналдыру да бұрын-соңды бұлай қолға алынған жоқ еді. Қалада Республика мен Балуан Шолақ сарайынан кейін 40 жылдан соң Алатау ауданында арнайы Мәдениет сарайы салынып, ол кейіннен Алатау дәстүрлі өнер орталығына айналып, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға бет бұрды. «Алматы ақшамы» осы бір жылдары «Шаһар шежіресі» атты айдар ашып, қала тарихын қопарып жазба бастады. Соның бірі «Алматыны басқарғандар» деген жобаны қолға алдық. Ахаң бұл жобаны қуана қолдап, кітаптың алғысөзін жазуға да келісімін берді. «...Алматы ақшамының» кітапханасы» сериясымен «Алматыны басқарғандар» атты деректік-танымдық еңбектің жарық көруіне тек шаһардың ғана емес, Қазақстан тарихының да рухани шежіресінің жарқын беттері деп қарау керек.

Ел басқару – ардың ісі, бекзат өнер. Бұл кітаптың маңыздылығы сонда – әрбір басшының Алматыны басқарған кезіндегі атқарған істері, елге сіңірген еңбегі әрқайсымызға үлгі-өнеге болуға тиісті» тиісті деп жазды Ахаң.

Адамның тағын жасағанмен, бағын жасай алмайсың. Бұл – шындық. Өмірлік мұратын еңбектен тауып, елін ернімен емес, жүрегімен сүйген адамды бақтың өзі іздеп табады. Алғы сөздің авторы Ахметжан Есімов те сондай азаматтардың сойынан екеніне бірге қызмет еткен жылдары талай мәрте куә болдық.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

1978 жылдың 26 қаңтарында Жәкібаевтардың отбасы үшін қақаған қыста күн күркіреп, аспанда найзағай ойнағандай болды. Тосыннан тиген хабар елге әйгілі актер Қасым Жәкібаевты естен тандыра жаздаған. Не сенерін, не сенбесін білмей, ә дегенде сен соққандай есеңгіреп қалды. Өзі жұдырықтай ғана болғанымен, қайсар, шақар көрінетін шымыр да жинақы жан өзін қоярға жер таппады.



АЗАМАТ АҢСАҒАН АРМАН

Жаны нәзік, көңіл күйдің адамы қу дүниенің ешкімге ола бермесін баяғыдан білетін. Әйтсе де, аяқ астынан болған күтпеген оқиға екі оттың ортасында қалғандай күйге түсірген еді. Бірінші қинағаны – жүрегі жанып тұрған баласы Азамат болса, екінші аяқ тартқаны – бүкіл дүниені шенгелінде ұстап тұрған коммунистік партия болатын. Ал коммунистік партия құрған Кеңес үкіметі, жалпы, қазақтың басынан сипаған емес. Не айтқанына жүруің керек, не түрмеде шіруің керек. Ол кезде осындай екі жолдың біреуін ғана таңдай алатынсың. Үшінші жолдың болуы мүмкін емес еді.

– Кеңес үкіметі орнаған соң, әсіресе, 1929 жылдан бастап қазақ халқының басына ауыр күн туды. Байларды тәркілеуден басталған зобалаңның арты үлкен аштыққа алып келді. Одан кейінгі қызыл қырғын – «халық жауларын» әшкерелеу саясаты елдің бетіне шыққан қаймағын сыпырып алып кетіп қана қойған жоқ, ел арасында үрей тудырды. Халықтың әбден енесін басып, қорқынышты үрей орнатып, тек саясаттың айтқанымен ғана жүріп-тұратын адамдарды тәрбиелей бастады. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістен кейін ғана халықтың арасынан біртіндеп үлкен тұлғалар шыға бастаған еді. Мысалы, 50-жылдардың аяғында «Елін сүйген ерлер партиясы» («ЕСЕП»), Мәскеуде Мұхтар Әуезовтің ұйымдастыруымен «Жас тұлпар» жастар тобы құрылған болатын. 70-жылдары да орталық жүргізіп отырған саясаттың дұрыс еместігін түсініп, коммунистік партияның идеологиясымен келісе қоймайтын адамдар бірлі-жарым байқалып қалып жүрді. Шындығын айтқанда, ондай тұлғалар әр кезеңде де болып тұрған. Солардың бірі 70-жылдардың аяғында шыққан Азамат Жәкібаев болатын, – дейді Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастығы төрағасының орынбасары Жұмабек Ашуұлы.

Ай мен күннің аманында, бейбіт өмір заманында тапа-тал түсте Азаматты «үш әріптің» адамдары үйінен ұстап алып кеткен. Үй ішінде оның себебін Азаматтың өзінен басқа ешкім білген жоқ. Ал Азамат болса, күндердің күнінде дәл осылай боларын сезген болатын. Жап-жас болса да, көп оқып, көп тоқыған баланың оған көзі жеткен еді. 18-ден енді асқан жас жігітті темір тордың аржағына апарып тықты.

1917 жылдың 7 қарашасында Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, большевиктер билікті өз қолына алған сәттен бастап-ақ коммунистік саясаттың зорлық-зомбылығы қылаң бере бастаған еді. Айтқанға көнбегендер амалсыз айдауға көнді, қарсы шыққандар атуға кесілді, жолын тапқандар шетел асып кетті. Өз тарихын қанмен жазып бастаған Кеңес өкіметі бұл қағидасынан бір сәт қол үзген емес. Сөз жүзінде «әкесі үшін баласы жауап бермейді» дегенді ұран етіп көтергенмен, іс жүзінде олай болмады. Оған «халық жауы» атанғандардың үрім-бұтағына дейін қуғын-сүргін көріп келгені айғақ. Бүкіл бір елді ғана емес, барша әлемді қабағына қаратқан қоғамда сөз басқа, іс басқа болатын. Жан-жақты тергеуге алынған жап-жас Азаматтың шешесі Нұртай Сартайқызы да сарсаңға түсті.

– Азаматты алып кеткеннен кейін, өзіміздің жұмыс істейтін жерімізде дәрігерлік пункт бар еді, бәрімізді сол жерге апарып «психотерапиядан» ем аласыңдар» деп бір сағат жатқызып қоятын. Ине шанышқан соң, басқалар ұйықтап қалады. Мен болсам ұйықтай алмаймын, басым айналып, мең-зең болып кетеді. Сөйтіп, есеңгіреп тұрғанымда мені тергеуге алып барады. Шынымы айтсам, не айтты, не қойғаныңды білмейсің. Үш күн барып жүрдім де, үш күннен кейін бармай қойдым, – дейді Нұртай Сартайқызы.

Иә, коммунистік саясатқа қарсы шыққандардың баратын жері түрме-тұғын. Алайда, аса қауіпті деген саяси қарсыластары үшін түрменің өзі сенімсіз көрінді. Басқа жолын таба алмағанда,

ашы шындықтың аузын буып тастау үшін ондай қарсыластарын компартия жеңдеттері жынды-ханаға апарып жабатын. Ал ол жер Барсакелмес аралынан да сұмдық еді. Қазақ КСР Қылмыстық істер кодексінің 170-те 1-бабы бойынша он сегіздегі Азамат еркінен тыс «емдеуге» жіберілді.

Оның бар кінәсі – ешкім айта алмаған сөзді ашық айтқанында еді. Жап-жас жігіт болғанмен, оның бұл ісін аңғалдық дей алмайсың. Бұл оның үлкен ерлігі болатын. «Социализм жойылыс!» Жасасын, ерікті капитализм! Коммунистердің ешбір сөзіне сенбеніз, олар мәңгіге жойылсын!» деп ұнқағаз (листовка) таратып, оны кейінгі тергеу барысында ашық айтып беру үшін ол заманда асқан батылдық, қайтпас қайсарлық қажет еді. Ондай қасиеттер Азаматтың бойында кішкентайынан қалыптаса бастаған болатын. Баласының мектептегі кездерін еске алған әкесі – Қазақстанның халық әртісі Қасым Жәкібаев:

– Менің жұмысымның өзі қызық қой, ел келе жатқанда мен жұмысқа кетіп бара жатамын. Жұрт ұйықтап жатқанда мен жұмыс істеп жатамын. Сөйтіп жүріп дұрыс тәрбиелей алмадық па деп кейде өзім ойлап қоямын. Бала-ларымыз жалғыз өздері кемпір-шалсыз өсті ғой, бірақ Азамат кішкентайынан бастап кітапқұмар болды. Үнемі ізденіп жүретін, тарихи кітаптарды көп оқитын. Көбіне, шетел әдебиеттерін ізде-тіріп жүретін еді, соның ықпалында кетті ме деп те ойлап қоямын, – дейді өткенге ой жіберіп.

Өнер мен өмірдің егіз ұғым екенін осы күнге дейін ешкім жоққа шығарған емес. Өйткені, ол солай. Халық әртісі, актер Қасым Жәкібаевтың да өмірі қайсы, өнері қайсы – ажыратып алу қиын. Өмірі – өнері, өнері – өмірі. Жан-дүниесі жетім қалған қарияның жүрегіне өшпес жара түсті. Азамат 6 жыл қамауда отырды. Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар қауымдастығы төрағасының орынбасары Жұмабек Ашуұлы:

– Жап-жас жігіт Кеңес идеологиясының дұрыс емес екенін түсініп, соны жеткізбек болады. Ол кезде де қауіпсіздік комитеті мықты жұмыс істейтін. Азамат ұнқағаз таратып қана қойған жоқ, тергеуде болғанда оны дәлелдеп айтып беруге талпынады. Кеңес өкіметі бәрібір құлайды деген сенімде болған. Шынын айту керек, әкесі бұл уақыттарда көп қиындық көрді, – дейді.

Алғашында Азамат Жәкібаев саяси баспана іздеп Америка Құрама Штаттарына кетіп қалуға бел байлаған. Қитұрқы коммунистік саясаттың қулық-сұмдығын жек көрген ол Кеңес Одағында өзіне орын жоқ екенін жақсы түсінді. Алайда, алты қырдың астындағын алты секундта білетін «үш әріп» оны тап бастырмады. Ал Азамат болса, АҚШ-қа барған соң, баспасөз бен теледидар арқылы антикөңестік үгіт-насихат жүргізбек болғанын ашық мойындаған.

– Өзіне-өзі қол салды дейді, әй... ол өз-өзіне қол жұмсайтын бала емес еді. Айналайын сол, маңдайға сыймай кетті ғой әйтеуір, – дейді арманда қалған әке.

Шындығында, халық әртісі Қасым Жәкібаевтың маңдайына ғана емес, Азамат бүкіл қазақтың маңдайына сыймай кетті. 1983 жылдың 12 қыркүйегінде «өзін-өзі асып өлтірді» деген желеумен қамаудан Азаматтың сүйегін алып шыққан болатын.

Ол үлкен ізденістер мен ыждағатты жұмыстардың арқасында ғана кейіннен ақталды. Басқа жүрт болса, Азаматтай перзентін аспанға көтеріп ардақтан өтер еді. Заманынан озық туған жас жігіттің мезгілінен бұрын айтқан ой-пікірлері әлі де үрей туғызғандай. Ал Қазақстан бүгінде сол Азамат анасаған қоғамда өмір сүріп келеді. Қыршын жас мұндай қоғамды Қазақстан тәуелсіздік алардан 13 жыл бұрын армандаған еді. Армандап қана қоймай, өз бетінше күрес жүргізіп, соның құрбанына айналды. Солай!

Ә.ИСЛАМХАНҰЛЫ.



ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАС

ӨЗАРА МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Алматыда Орталық Азия мен Кавказ өңірінде тұңғыш итальяндық мәдениет институты ашылды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараға Алматы қаласы әкімдігінің, дипломатиялық корпусының, Гете институты мен Француз Альянсының, итальяндық қоғамдастықтың, жергілікті бизнес пен мәдениеттің өкілдері қатысты.

Қазақстан – Италия арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 30 жылдан асқан. Бүгінде елдер арасында саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени ынтымақтастық табысты дамуда. Елдер мен қалалардың жақындасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі өзара мәдени байланыс.

Мәдениет институтының негізгі миссиясы итальян тілі мен мәдениетін насихаттау, жаңа шығармашылық таланттарға назар аудару. Өз қызметі барысында ЖОО итальян тілін үйренуге жәрдемдеседі. Италияндық кітаптарды басып шығаруға қолдау көрсетеді. Көрмелер мен фести-



вальдар ұйымдастырады, музыка, би, кино, театр, әдебиет және т.б. байланысты іс-шараларды жоспарлауда жергілікті мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Италияның Сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрлігі әлем бойынша 86 итальяндық мәдени институттар желісін үйлестіріп, басқарады. Мұндай алғашқы институт 1922 жылы Прагада (Чехия) ашылды. Осы оқу орындарында құрылған сәттен бастап 330 мыңнан астам студент итальян тілін оқыды.

Алматыдағы итальяндық мәдениет институты Италия мен Қазақстанның достас халықтары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Мәдени өзара іс-қимылдың мысалы ретінде Неапольде биыл 15 қарашадан бастап бір ай бойы Алматы тарихы музейінің «Қазақстан көшпенділері: тарихы мен бүгіні» көрмесі өтіп жатыр, онда итальяндықтар Ұлы Даланың тарихымен және мәдениетімен таныса алады.

ЦИФРЛАНДЫРУ

IT ИНДУСТРИЯСЫ

Алматыда бағдарламалау бойынша чемпионат өтті

Алматыда бүкіл әлем әзірлеушілер қауымдастығы үшін көптен күткен бағдарламалау саласындағы ең ірі жарыстардың бірінің финалы өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Биыл ол «Өнерді шешу» ұранымен өтті: қатысушылар маңызды мәселелерді бағдарламалық код арқылы шешті. Бұл тек аналитикалық қабілеттерді ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты да қажет етті.

Чемпионатқа қатысуға 70 елден 16000-нан астам адам өтініш берді. Финалға 16 елден 120 адам қатысып, оның ішінде Қазақстаннан да үміткерлер болды. Әзірлеушілер аналитика, фронтенд, бэкенд, мобильді әзірлеу, машиналық оқыту және алгоритмдер деп аталатын 6 негізгі бағытта бақ сынасты. Биылғы чемпионаттың жүлде қоры 38 млн теңгені құрады. Әр бағыттағы жеңімпаздар барлық міндетті шешу нәтижелері мен жұмысты орындау жылдамдығы бойынша анықталды. Жүлделі орындарды Қазақстан, Жапония, АҚШ, Беларусь, Ресей, Кипр, Германия, Грузия және Швейцариядан келген қатысушылар жеңіп алды.

Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Олжас Жаңабектің айтуынша, мұндай чемпионаттар еліміздің IT-индустриясы үшін өте маңызды.

– Бүгінде IT-индустрияның болашағы зор екеніне күмән жоқ. Сондықтан біз оны Қазақстанда белсенді түрде дамытып жатырмыз. Өздеріңіз білетіндей, кез келген саланың негізі – кадрлар. Yandex Cup биыл Алматыда өтіп, әлемнің түкпір-түкпірінен ең талантты олимпиадалық бағдарламашыларды жинады. Бұл біздің 2025 жылға қарай 100 000-нан астам білікті IT-мамандарды даярлау мақсатымызға жетуге көмектесетініне сенімдімін, – деді ол.

Финалда Қазақстан атынан қатысқан «Алгоритм» бағытындағы финалист Батыр Сардарбеков чемпионат ұйымдастырушыларына дағдыны шыңдау және шеберлігін көрсетуге мүмкіндік бергені үшін алғысын білдірді.

– Жарыс қиын болды. Тапсырмалар оңай емес, бәсекелестер де мықты. Мен финалға өтіп, 4-ші жүлделі орынға ие болғанымға қуаныштымын. Келесі жылы



бірінші болуға тырысамын, – дейді жарыс жеңімпазы.

Чемпионат соңында қатысушыларға Qazaq Indie музыкалық бірлестігінің артистері, дәстүрлі музыканттар, суретшілер мен ақындар өнер көрсеткен «Дала коды» атты музыкалық-поэтикалық қойылым қойылды. Сондай-ақ, қазақ мәдениеті мен дәстүрлері туралы поэтикалық жолдар

кодталған қағаз инсталляциясы ұсынылды. Мұның бәрі дала мотивтерінен шабыттандырылған өнер туындыларына ерекше атмосфера тудырды.

Айта кетейік, іс-шараны Яндекс Қазақстан компаниясы ұйымдастырды. Іс-шара қоғамның назарын ғылым мен технологияны дамыту үшін бағдарламалаудың маңыздылығына аударуға бағытталған.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«СИҚЫРЛЫ
ТЕРЕЗЕ»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы
Қазақ мемлекеттік
академиялық балалар мен
жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
9 желтоқсан, сағат 11.00.

«ЖҰМБАҚ
ҚЫЗ»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ
ұлттық опера және балет
театры.
Күні мен уақыты:
9 желтоқсан, 18.00.

КАМЕРАЛЫҚ
МУЗЫКА КЕШІ

Өтетін жері:
Жамбыл атындағы Қазақ
мемлекеттік
филармониясы.
Күні мен уақыты:
9 желтоқсан, сағат 18.00.





Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – ҚОҒАМ ҚАСІРЕТІ»

713 отбасылық-тұрмыстық қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді

А.П.Чехов атындағы орталық кітапхана Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесімен бірлесіп, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы «Зорлық-зомбылық – қоғам қасіреті» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шараға Әлеуметтік, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығының басшысы Зүлфия Мұхаметбекқызы, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрағасы Махинур Исраилова, тарих ғылымының кандидаты Ақмарал Дабыртайқызы, сондай-ақ, Алматы ҚХА Аналар кеңесінің

басқа да мүшелері мен зиялы қауым өкілдері қатысып, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күресетін саналы қоғамды қалыптастыру туралы сөз қозғады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 4 түрі бар – психологиялық, күш көрсету, экономикалық және сексуалдық. Өкініштісі сол, зәбір көрген әйелдердің көбі көмек сұрап, құзырлы органдарға жүгіне қоймайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев заңның сақталуына, азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетінің деңгейін арттыруға қатысты мәселелерге баса мән береді.

Мемлекет басшысының пікірінше, Заң мен Тәртіп қағидаты Қазақстан қоғамының идеологиялық және саяси темірқазығына айналуға тиіс. Әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылық көрсету фактілерінің жолын кесу керек.

Статистика бойынша, Қазақстанда биыл қаңтар-қазан айларында отбасылық-тұрмыстық жағдайда 713-тен астам қылмыстық құқықбұзушылық жасалған. Бұл былтырғы-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Махинур ИСРАИЛОВА,
Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрағасы:

ӘЙЕЛДЕРДІ ҚҰРТАТЫН – «ҰЯТ БОЛАДЫ»

Әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылыққа қатысты заң қабылданып, жыл сайын түрлі іс-шаралар ұйымдастырылғанымен, қылмыстық құқықбұзушылықтар саны азаяр емес. Бірақ біз қоғамдық өмірде үнемі айтып, сақтанудың жолын қарастырудан жалықпаймыз. Әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың артуы тек нәзік жандыларды ғана алаңдатпауы керек.

Қоғамда әйелдер күйеуінен таяқ жесе, «ол тілінен таяқ жейді», «өзі кінәлі» деген пікір қалыптасқан. Екіншіден, әйелдер «ұят болады» деп, күйеуінің зорлығына көніп жүре береді. Полиция департаментінің, прокуратураның, дағдарыс орталықтарының қызметкерлері күн сайын зорлық-зомбылықпен күреседі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған жағдайда, үнсіз қалуға болмайды. Уақыт өте келе отбасы үшін одан да ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, «Отбасылық құндылықтарды сақтау, қазақстандық аналарды қолдау», қайырымдылық, ақпараттық-түсіндіру сияқты жобаларды жүзеге асыруда. 25 қараша – әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою үшін халықаралық күрес күні. Соған орай, әйелдерге арналған «Өзіңді қорға» тақырыбында шеберлік сабақтарын өткізіп жатырмыз.

ға қарағанда 4,9%-ға аз. Барлық қылмыстық құқықбұзушылықтың 36,6%-ы – денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру.

Быттыр осы кезеңінде осындай 750 құқықбұзушылық тіркелді, бір жыл ішінде көрсеткіш 7,3% азайған. Өңірлер бойынша отбасылық-тұрмыстық қылмыстық құқықбұзушылық ең көп Алматы облысында жасалған. Павлодар облысы екінші орында – 63 іс. Шығыс Қазақстан облысы үшінші орында, быттыр 94 іс болса, биыл 56 іс. Жылдық төмендеу – 40,4%.

Отбасылық жанжалдар жасырын күйінде қалып жатады

Күн сайын полицияға тұрмыстағы зорлық-зомбылық бойынша 300-ге жуық хабар келіп түседі. Бұл туралы Сенатта кәметке толмағандардың құқығы мен заңды мүддесінің сақталуын қамтамасыз ету тақырыбындағы жиында ҚР Бас прокуратурасы Қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі

басшысының орынбасары Сәкен Самет айтты.

«Бас прокуратура органдарының басым бағыттарының бірі – кәметке толмағандардың құқығын қорғау. Биыл прокуратура органдары 900-ге жуық тексеру мен тиісті талдау жасады. Осы бағытта 2,5 мыңнан астам заңдылықты бұзу деректері анықталып, 1,5 мыңнан астам лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 1 млн 300 мың кәметке толмағандардың құқығы қорғалды. Отбасындағы зорлық-зомбылықтан балалар психикалық тұрғыдан да зардап шегіп жатады. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылды. Күн сайын полицияға тұрмыстағы зорлық-зомбылық бойынша 300-ге жуық хабар келіп түседі. Биылғы 11 айда әкімшілік жауапкершілікке 58 мың адам, ал қылмыстық жазаға 819 адам тартылды. Отбасындағы жанжал көбіне жасырын күйінде қалып жатады», – деді С.Самет.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«КЕЛГЕН КЕЛІН КЕТПЕСІН»



Өтетін орны:
«Жас сахна» театры.
Күні мен уақыты:
9 желтоқсан, сағат 18.30.

АЛМАТЫ БОЙЫНША ЭКСКУРСИЯ



Жиналатын орын:
«Арман» кинотеатрының қасындағы аялдама.
Күні мен уақыты:
10 желтоқсан, сағат 10.00.

«ОТЫЗ ҰЛЫҢ БОЛҒАНША...»



Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты:
10 желтоқсан, 18.30.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



Суретті түзген: Айгүл ҚОНЫСБАЕВ

«МӘДЕНИЕТТІ АНА – МӘДЕНИЕТТІ ҰЛТ» ЖОБАСЫ

НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Алматының Достық үйінде «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасын іске асыру аясында нашақорлықтың алдын алу мәселесі бойынша отырыс өтті.



**Досбол
АТАЖАН**

Іс-шара Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесінің бастамасымен ұйымдастырылды. Отырыс шеңберінде «Тропикамид» дәрілік препаратын сату бақылауды күшейту мәселесі талқыланды. Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нурия Ниязова, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің өкілдері, Алматы қаласы прокуратурасының және Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының өкілдері, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық және қалалық Аналар кеңесінің өкілдері қатысты.

– Мемлекет басшысы өткен жылы қыр-

күйек айындағы Жолдауында есірткі мәселесі туралы айтқан болатын. Атап айтқанда: «синтетикалық есірткі тұтынаындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастады. Нашақорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті, үйге әкеп беретіндер бар. Бұл – аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел. Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуде тиіс. Сондықтан Нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажет» деп тапсырма берді. Осыған орай, биыл 29 маусым күні Үкімет қаулысымен есірткімен күресудің кешенді жоспары заңды күшіне енді. Онда есірткі пайдаланушыларының санын азайту, оның ішінде дәріхана нашақорлығымен күрес мәселесі де бар. Кешенді жоспардың 25-ші пунктіне бұл мәселе қарастырылған, – деді Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға уәкілі Дәурен Көбеев.

Сондай-ақ, Дәурен Көбеев «Тропикамид» препаратына байланысты алғашқы өлім фактісі тіркелгенін хабарлады.

– Кеше мектепте лекция оқығанымда маған алматылық азамат – 75 жастағы

зейнеткер ағамыз жолықты. Оның 1985 жылғы баласы «Тропикамид» препаратының кесірінен қайтыс болған. Бұл осы дәрілік препаратқа қатысты тіркелген алғашқы өлім фактісі. Азамат «Тропикамидті» рецептсіз ұзақ уақыт бойы сатып алып, қолданып келген. Біраз уақыт бұрын Жетісу ауданының азаматы препаратты шектеу жөнінде жүгінген болатын. Біз бұл мәселенің Полиция департаментінен гөрі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің құзырына кіретінін түсіндірдік. «Трамадол» сәуір айынан бері тыйым салынған дәрілер тізіміне еніп, қазір дәріханаларда оңай сатылмайды. Оған байланысты қатаң есеп пен бақылау жүргізіледі. Осы секілді «Тропикамидті» дәріханаларда сатуды шектеу қажет. Препарат тек емхана жанындағы медициналық орталықтарда сатылғаны жөн, – деді ол.

Ал Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы Жұлдыз Серікбаева айтылған препаратты дәрігер жолдамасынсыз сатқан дәріханалар қандай әкімшілік жазаға тартылатынын мәлімдеді.

– ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен адам өмірі мен денсаулығына зиянды әсерін тигізетін, күшті әсер ететін заттардың тізбесі бекітілген. Оған анаболикалық стерондтық препараттар,

синтетикалық стреондтық препараттар және медициналық мақсатта қолданылатын 94 препарат, оның ішінде «Тропикамид» те енген. «Тропикамид» тек дәрігер рецептімен сатылады. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сату қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының әкімшілік бұзушылықтар туралы Кодексімен жауапкершілік белгіленген. Мәселен, егер заңбұзушылық адам денсаулығына зиян келтірмесе 70 АЕК, лауазымды адамдар үшін 100 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 130 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілері үшін 200 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде заңбұзушылық қайталанса, мекеменің фармацевтикалық қызмет лицензиясының қолданылуы 6 айға дейін тоқтатылады. Айта кеткен жөн, департамент қызметкерлерінің күшімен 2022 жылы 7 фармацевтикалық субъект, осы жылы 5 фармацевтикалық субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – деді Жұлдыз Серікбаева.

Сондай-ақ, ол дәріхананың тыйым салынған дәрілерді рецептсіз сату фактісіне куә болған жағдайда Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне ЕОтініш қосымшасы арқылы немесе Абылай хан, 63 мекенжайына жүгіну арқылы хабар беру керектігін айтып өтті.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ Оқу-жаттығу кезінде улы өндірістік химикат салдары жойылды

Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті теміржол көлігімен тасымалдау кезінде улы өндірістік химикаттардың төгілуінің салдарын жоюға қатысты оқу-жаттығу өткізді.

«Төтенше жағдайлар департаменті тактикалық және арнайы практикалық жаттығуды Төтенше жағдайлар министрлігінің азаматтық қорғаныс қызметтері мен Қорғаныс министрлігінің аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп өткізді», деп хабарлады Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Сценарийде нақтыланғандай, Алматыдағы теміржол көлігі нысанында техногендік апат орын алды. Салдарынан теміржол бекетінде улы заты бар жүк цистерналарының рельстен шығып кетуі салдарынан екі адам зардап шекті. Оқу-жаттығу аясында азаматтық қорғау қызметтері іс жүзінде шартты қауіпті аймақта химиялық барлау жүргізді. Ауа райы нақтыланып, инфекция аймақтарының шекарасы белгіленді, құтқару және эвакуациялау жұмыстары жүргізілді. Зардап шеккендер жедел жәрдем көрсетіліп, теміржол цистерналарындағы уыттың пәті қайтып, жағдайдың беті бермен қарады. Химиялық апаттың салдары жойылып, көбікті ұңғылар көмегімен өрт өшірілді.

– Жаттығудың ойластырылуына орай, цистерналарда күкірт қышқылы, жанар-жағармай, сондай-ақ хлордың әсерінен резервуарлардың қысымының төмендеуі орын алды. Соның кесірінен өрт қауіпі өршиді. Қызметтер мен бөлімдердің бірлескен әрекеті нәтижесінде біраз күш жұмсалып, төтенше жағдайдың салдары жойылды, практикалық іс-әрекет пысықталды. Мұндай оқу-жаттығу, тұтастай алғанда, болуы мүмкін қауіп пен қатердің алдын алуға сақдай сай әзірлікке ұмтылдырып, жігерлендіре жұмылдырады», – деп мәлімдеді қалалық Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Асан Әйтесев.

Нәтижесінде қалыптасқан командамен әрекет еткен құтқарушылар қысқа мерзімде еліміздегі ірі логистикалық нысандардың бірінде болған жойқын апаттың салдарын жойды. Жаттығуға барлығы 120-дан астам маман қатысып, 21 техника жұмылдырылды. Төтенше жағдайлар департаментінің басшылығы оқу-жаттығу кезінде техникалық қауіпсіздікке, қызметкерлердің дайындығы мен іс-әрекетінің оңтайлылығына назар аударылғанын айрықша атап өтті.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

КӨЛІК ПРОКУРАТУРАСЫ

Көлік прокурорлары автокөліктерді әкелудің «теріс схемасын» анықтады.



**Айнабай
МӘДИ**

Жыл басынан бері 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген шетелдік автомобильдер заңдас-тырылуда. Осы процедураны қайда және қандай құжаттармен өткізуге болатыны жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаулық әлденеше рет көпшілікке жеткізілді. Алымның бір реттік

РЕЙД

Жергілікті полиция қызметінің мәліметінше, «Құқықтық тәртіп» жедел-алдын алу іс-шарасының 10 күнінде 316 қылмыстың, сондай-ақ бұрын жасалған 144 қылмыстың беті ашылды.

«Іс-шара кезеңінде құқықбұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын күшейтуге, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда тиісті қоғамдық тәртіпті сақтауға, бұзақылық, мүлдіктің залал, ұсақ бұзақылық, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылық деректерінің алдын алу, анықтау және жолын кесуге баса назар аударылды», – деді, Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Д. Дуанбеков.

Автокөлік алаяқтары анықталды

мөлшерлемесі 200 мың теңге көлемінде айқындалды.

«Көлік прокурорлары оңай олжа тапқысы келгендердің бұл жағдайды Алматы қаласында, БҚО және ШҚО-да пайдаланғанын анықтады. Мемлекетке келтірілген алдын ала залал 400 млн теңгеден астам», делінген хабарламада басқа аймақтарда да тексеру жалғасып жатқаны айтылды.

Мәселен, биыл осындай жосықсыз азаматтардың бірі жалған құжатты, соның ішінде Қырғыз Республикасында көлікті тіркеу туралы 2021 жылғы куәлік пен сатып алу-сату шартын ұсына отырып, Toyota Highlander маркалы шетелден әкелінген машинаны қазақстандық есепке тіркеген. Мұның нақтылығына прокурорлар американдық сайттармен мәліметті салыстыру

арқылы көзжеткізді. Бұл аталған көлік 2022 жылдың 12 қазанында Sorart аукционында сатылып, 2023 жылдың сәуірінде елімізге әкелінген.

Осы мән-жайларды жария етудің негізгі шарты мен мерзімі туралы біле келе, жеке тұлғалардың 2 млн теңгеден астам сомаға мемлекеттік төлемді төлеуден жалтарған белгілері нақтыланды. Бір ғана Алматы қаласында 160 ұқсас дерек анықталды. Көлік прокурорлары мемлекетке келтірілген залалды өтеу және кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдау туралы мәселе қойып, қадағалау актісіне енгізді. Оған қоса, прокуратура жиналған материалдарды ҚР ҚК 195 және 361-баптарымен іс жүргізуге шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына жіберді.

Іздеуде жүрген 38 қылмыскер ұсталды

Іс-шара басталғалы полиция бөлімшелері заңсыз айналымнан 10 атыс қаруы мен 4 суық қаруды тәркіледі. 14 мың 716 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, жолы кесілді, оның 210-ы отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында.

Сондай-ақ, 2 мыңға жуық қоғамдық орындарды ластау, 500-ден астам тыныштықты бұзу, 1,5 мыңнан астам қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу, 900-ге жуық қоғамдық орындарда темекі шегу деректерінің жолы кесілді.

Г.МАРАТҚЫЗЫ.



МҰРАЖАЙ

ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ

Мұхтар Әуезов мұражайына 60 жыл толуына арналған «М.О.Әуезов мұражайының тарихы және әдеби-ғылыми мұраларды зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған іс-шараға әдебиеттанушы-ғалымдар, өнер зерттеушілері, ғылыми қызметкерлер және қаламгердің ұрпақтары қатысты. Басқосуды институттың Бас директоры Кенжехан Ісләмжанұлы жүргізді.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ең алдымен, мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезов, Халықаралық «Қонаев қорының» президенті Елдар Асқарұлы Қонаев, шығыстанушы, Лейден университеті «Еуразия» зерттеу орталығының профессор, ф.ғ.к. Зифа-Алуа Мұратқызы (Нидерланды, Амстердам қаласы), Қырғызстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, жазушы Манат Жұмадылқызы Бообекова (Қырғызстан, Шолпан-Ата қаласы), С.Мұқанов және Ғ.Мүсірепов әдеби-мемориалды мұражай кешенінің директоры Әділғазы Қайырбеков және Д.А.Қонаев музейінің директоры Кубашева Елена Иватовна құттықтау сөздерін айтты.

Іс-шараның негізгі бөлімінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры, ф.ғ.к. Диар Асқарұлы Қонаев «М.О.Әуезов мұражайының тарихы», Шолпан-Атадағы «Мұхтар Әуезов» мұражайының директоры Саламат Табышева өзі басқарып отырған музей туралы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Қанипаш Қайсақызы Мәдібаева «М.Әуезов кітапханасы», ф.ғ.к. Ерлан Тәжібаев «М.Әуезов мұражайының қызметі хақында», ф.ғ.к. Санагүл Көлбайқызы Майлыбай «Әуезов музейінің 60 жылдығы (жөдігер мен мұражайлардың даму тарихы)», М.О.Әуезов атындағы



Әдебиет және өнер институтының «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д. Гүлзия Жайлауқызы Пірәлі «Тарихи тұлғаның текті ұрпағы (Л.Әуезова мен Ернар Әуезов туралы танымдық деректер) және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы директорының орынбасары Салтанат Амантайқызы Мұқатаева «Музейдің заманауи жаңғыруы» тақырыптарында баяндама жасады.

Іс-шара аясында «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы туралы ғылыми-зерттеу еңбектердің кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы – ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық мұрасын көпшілікке таныстыру, насихаттау, зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғылым-мәдени мекеме. Алматы қаласында жазушының өзі тұрған (1951–1961) үйде (Төлебаев көшесі, 135-үй) орналасқан. Бұл үйді мұражайға айналдыру

туралы Қазақстан үкіметінің қаулысы 1961 жылы 10 тамызда қабылданды. Жазушының әдеби мұрасы, өзі көзі тірісінде тұтынған заттары, үй жиһаздары, қолжазбалары жүйеге келтіріліп, тақырыптық көрмелер жасалып, 1963 жылы 28 қарашада мұражай ресми түрде ашылды. Қазақстан үкіметінің «М.О.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуы мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы» 1993 жылы 19 шілдедегі (ғ 810) қаулысына сәйкес, 1996 жылы 1 маусым күні мұражай «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы болып қайта құрылды.

– Біздің балалық шағымыздың балдәурені осы үйде өтті. Сол кездегі үйдің көрінісі әлі көз алдымда. Бала болсам да Мұхтар нағашы атам емес-еміс есімде. Ол кісі дүние салғанда кісі қарасы көп болды. Көріні қырғыздан әдебиет пен мәдениет өнер қайраткерлері, кісілер көп келді. 1963 жылдан бері музей болып ашылды. Содан бері халыққа қызмет етіп тұр, – деді қоғам қайраткері Елдар Қонаев.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ – 95

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ДҮЛДҮЛІ

Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдық мерейтойына арналған кеш өтті



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Достық үйінде «Әуезов және Айтматов: Қазақ-қырғыз руханиятының алтын діңгектері» атты Шыңғыс Төрқұлұлы Айтматовтың 95 жылдық мерейтойына арналған іс-шара өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Мәдени іс-шарада Қазақстан Жазушылар кітапханасы жазушының шығармаларына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының әртістері сахналық көрініс қойды.

Кешке зиялы қауым өкілдері, этномәдени орталықтардың басшылары мен мүшелері, Қырғыз республикасының Алматы қаласындағы бас консулы, Алматы қаласындағы ЖОО докторанттары мен студенттері, мектеп оқушылары қатысты.

Кеш барысында «Мурас» Қырғыз этномәдени бірлестігінің бас консулының орынбасары Манас Ташыбеков сөз сөйлеп, өз ойымен бөлісті.

– Шыңғыс Айтматов – екі бауырлас ұлтқа ортақ ұлы тұлға. Оның шығармаларын өзге мемлекеттерде жоғары бағалап отыр. Бүгін міне, айтулы тұлғаның 95 жылдығына орай, Достық үйінің қолдауымен үлкен іс-шара ұйымдастырып отырмыз. Осы мерекеге орай Қырғызстаннан арнайы шақыртуымызбен қонақ ретінде өнерлі жастар мен зиялы қауым өкілдері қатысып отыр. Алматылықтардың өз үлестерін қосып жатқандарына дән ризамыз, – деді М.Ташыбеков.

Қазақ-қырғыз мәдени байланысы тереңнен тамыр тартады. Мұхтар

Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтың ағалық-інілік бауырластығы қос ел зиялыларының талай буыны үшін озық үлгі екені анық. Шыңғыс Айтматовтай әдеби жұлдыздың жарқырай көрінуіне де Әуезовтің қолтанбасы бар. Сол байланыстар бүгінде өз деңгейінде жалғасып келеді.

Мәдени іс-шара үш бөлім бойынша өтті. Алғашқы бөлімде Шыңғыс Айтматовтың кітаптарынан арнайы көрме жасалды. Онда қонақтар жазушының шығармаларын оқуға мүмкіндік алды. Келесі музыкалық бөлімде қазақ-қырғыз халықтарының дарынды жастары өнер көрсетті. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар театрының актерлері Айтматовтың шығармасы «Ақ кеме» повесі бойынша керемет қойылым қойды. Ал үшінші бөлімде екі бауырлас мемлекеттің зиялылары «дөңгелек үстел» басында отырып Шыңғыс Айтматовты еске алып, жазушы туралы естеліктерімен бөлісті.

КОНФЕРЕНЦИЯ



ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛДЫ

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Фольклортану бөлімінің ұйымдастыруымен «Серікбол Қондыбай және қазақ мифологиясы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Институттың Фольклортану бөлімінің бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор Бақытжан Әзібаева «Серікбол Қондыбайдың зерттеу әдіснамасы», Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы Ғарифолла Әнес «Феномен тұлға», Нұр-Мүбәрак университеті Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Ш.Керім «Маңғыстаудың миф-аңыздары», «Қолжазба және фольклортану» орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымы-

ның кандидаты Сейілбек Сәкен «Есен Қазақ» кітабы және «Қырымның қырық батыры» эпикалық циклі», Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымының кандидаты Қайрат Жаңабаев «Преобразовательная роль Серикбола Қондыбая в мифологии и тюркологии» тақырыбында баяндама жасады.

Модератор – институт директоры Кенжехан Ісләмжанұлы.

Конференция барысында әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалымдар Серікбол Қондыбайдың зерттеу еңбектеріне жан-жақты тоқталып, өз ой-пікірлерін білдірді.

– Серікбол ерекше жан. Өзі 9 жыл сырқатпен әлек болса да, керемет туынды қалдырды. Соның ішінде қазақ мифологиясы туралы еңбек жазды. Оның ауылда жатып жазғаны бүгінгі ғылым саласына көмекші құрал болып тұр. Маңғыстау өзі 362 әулие қоныс тепкен киелі мекен. Сол өңірден осындай тұлғаның шығуы ғажайып құбылыс, – деді ғалым Ғарифолла Әнес.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ДОДА

ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қалалық Білім басқармасы «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы мен №178 лицейдің ұйымдастыруымен Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аягүл Миразова атындағы II қалалық математикалық олимпиаданың жеңімпаздары анықталды.

Аталмыш білім бәйгесі былтыр алғаш рет ұлағатты ұстаз, Қазақстанның Тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразова ұзақ жыл еңбек еткен Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназияда бастау алды.

Бұл олимпиадаға еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары мен Мәскеу

мемлекеттік университетінен арнайы шақырылған оқытушылар қазылық етті. Сол жолы талай талантты балалардың білім бәйгесіндегі тұсауын кесіп, есепке жүйрік, алғыр балалардың есімі белгілі болған еді. Биыл да білім додасына қатысып, бағын сынаған алғыр балалардың қарасы қалың болды. Олимпиада мектепшілік, аудандық, қалалық үш кезеңде өтті.

Сонымен қатар, олимпиада жас математиктерге өз қабілеттерін көрсетуге және осы сала бойынша лайықты танылуға кеңінен мүмкіндік берді. Олимпиада онлайн-режимде өтті. Олимпиадаға қала мектептерінің 8-9-сынып оқушылары арасынан аудандық кезеңге 755 үміткер өтсе, ең үздік нәтиже көрсеткен 111 оқушы қалалық кезеңге қатысқан еді.

– *Өткізіліп отырған олимпиаданың алға қойып отырған мақсаты – математика пәні бойынша оқушылардың қызығушылығын арттырып, стандартты емес ойлауды дамыту, оқушыларды математикалық ұғымдарды талдауға, сыни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге дағдыландыру. Бұл*



тұрғыда қала мектептерінен қатысқан оқушылардың басым бөлігі математика пәніне деген қызығушылықтарының зор екенін танытты, – дейді «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталық директоры Гүлнұр Кәрімғажы.

Сондай-ақ, жиында қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылыбаева сөз алып, барша олимпиадаға қатысушы оқушыларды құттықтап, үлкен сенім білдірді.

– *Аягүл Миразова – үлкен жүректі ұстаз. Тек Алматы қаласының ғана емес, бүкіл ел ұстаздарының мақтанышы. Былтыр қала әкімінің қолдауымен тұңғыш рет Аягүл Төреқызы атындағы олимпиаданы өткізген едік. Ол кісі осынау биікке қатардағы математика пәні мұғалімі болып жүріп қол жеткізді. Жарты ғасырға жуық математикадан сабақ берді. Жалпы, математика – ғылымның патшасы. Математикадан білімі терең адамның басқа саладан да хабардар болатыны анық. Мәселен, Алматы қаласының оқушылары республика бойынша пәндік*

олимпиадада 18 жыл қатарынан бірінші орында, ғылыми жобадан 11 жыл бойы бірінші орында келеді. Әрине, мұндай үздік көрсеткішке қол жеткізу, ең алдымен, ұстаз еңбегінің арқасы. Биылдың өзінде Алматы қаласының оқушылары республикалық пәндік олимпиададан 64 алтын, Халықаралық олимпиададан 20 алтын медальді иеленіп отыр. Алматы қаласының жүйде қорына үнемі алтыннан алқа әкеліп жүрген оқушылардың дені осы №178 лицейдің оқушылары. Оқу ордасының басшысы Қайрат Хамзаханұлы ұзақ жыл Аягүл Миразовамен бірге еңбек еткен. Сондықтан осы білім шаңырағында өткізіп отырмыз. Сәтін салса, келесі жылы олимпиаданы республикалық деңгейде өткізгелі отырмыз, – деді ол.

Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан оқушыларға I, II, III дәрежелі дипломдар, бағалы сыйлықтар және ақшалай сертификаттарды табыс етті.



АЛМАТЫ ҰСТАЗЫ

«ҮЙРЕНЕЙІК, ІЗДЕНЕЙІК, ЖАС МАМАН» тақырыбында тренинг өтті

Алматы қаласы, Әуезов ауданы №133 мектеп-гимназиясында Әуезов ауданы мектептерінің жас мамандарына арналған «Үйренейік, ізденейік, жас маман» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Семинар-тренингтің мақсаты – оқу үдерісінде жас маманға көмек көрсетіп, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгерту және тәжірибелерін дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.



Семинар жұмысын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Эльмира Бапиева ашып, жас ұстаздардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған «Үздік жас маман» сайысын өткізу мектепте дәстүрге айналғанын атап өтті.

Жыл сайын өткізіліп отырған дәстүрлі мектепшілік сайыста озық шыққан жас ұстаздар аудандық, қалалық және республикалық жарыстарда топ жарып, ұлағатты ұстаздарымыздың жетістігін жалғастырып келді. Жас мамандар семинары үш тілде: математика пәні мұғалімі Оксана Тятюшкина қазақ тілінде, ағылшын тілі пәні мұғалімі Қадір Тұрсынханов ағылшын тілінде, бастауыш сынып мұғалімі Ляззат Аюпова орыс тілінде жүргізді. Республикалық «Өз жұлдызыңды жақ» жас ұстаздар конкурсының жүлдегері ағылшын тілі пәні мұғалімі Нұрсұлу Жұмабекова «Менің кәсіби жолымдағы жетістігім» тақырыбындағы өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, қалалық жас мамандар қоғамының президенті ретінде аудандық жас мамандарды мүшелікке шақырды.

Қазіргі таңда мектепке келген жас мамандар жаңа технологияны жақсы меңгергенімен, теориялық білімі жақсы болғанына қарамастан әдістемелік және психологиялық жағынан қолдауды қажет етеді. Қалалық «Алматы ұстазы–2023»

конкурсының II дәрежелі жеңімпазы, бастауыш сынып мұғалімі Жазира Арипова педагогтың шығармашылығы мен шеберлігін арттырудың негізгі бағыттарын айта отырып, «Әрбір жас елім маған не береді емес, мен еліме не беремін» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті.

Алматы қалалық Қасыл Қатықбаева атындағы «Ұстаз мәртебесі – ұлт мерейі» атты байқаудың жеңімпазы, бастауыш сынып мұғалімі Ботакөз Жұмабаева «Ұстаздық мерей биігінде» тақырыбында өз тұжырымдамасымен таныстырды. Жас мамандармен 4к-модель негізінде оқытудың сыни ойлау, командалық жұмыс, коммуникативтілік және креативтілік ойлау жайында тренинг өткізіп, жас мамандардың құзыреттілігі мен әдістерді еркін қолдана алу әдістерін көрсетті. «Педагогикалық технологиялар панорамасы» қалалық конкурсының I-орын иегері бастауыш сынып мұғалімі Жанат Өтеген «Озат тәжірибе-ортақ іс» тақырыбында іс-тәжірибесімен таныстырды.

Семинар соңында Әуезов ауданы білім бөлімінің бас маманы Гүлнар Ноғайсарина, журналист Жанастан Кучукова сөз сөйлеп, мектеп ұстаздары мен келген жас мамандарға шығармашылық табыс тілеп, мектептегі мұғалімдердің жетістіктеріне ризашылығын білдірді.

СЕМИНАР

Дәл қазір қаламыздың білім беру жүйесінде қарқынды өзгерістер өте көп. Сол жаңалықтың бастысы – қалалық әкімшіліктің қолдауымен жүзеге асып отырған «Алматы мектебі» жобасы мен «Ұлттық тағылым» бағдарламасы. Қолға алынып отырған жобаларды жүзеге асыру мақсатында Әуезов ауданындағы №97 жалпы білім беретін мектепте «Ғылыми жобамен айналысу арқылы оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту» атты қалалық семинар өткен еді. Аталмыш семинарға жалпы білім беретін мектеп директорларының орынбасарлары қатысты. Бұл басқосу білім беруді қызықты әрі тиімді етуге ұмтылып жүрген мұғалімдер арасында тәжірибе мен идеялар алмасудың нақты алаңына айналғаны байқалды.

БІЛІМ ӘЛЕМІНДЕ ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Сонымен, қала мектептерінің мұғалімдері бас қосқан жиынды мектеп директоры Гүлнұр Тәжібаева ашып, жобаларды пайдалану оқушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға, интеллектуалдық белсенділігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар, Алматы қаласының ҚБЖТҒӨО әдіскері Ольга Локтионова ғылыми жоба балалардың сыни ойлануына, қарым-қатынастық дағдыларды және проблемаларды өз бетінше шешу қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіні туралы, ал №97 мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нұргүл Кенжебекова мектепте осыдан екі жыл бұрын ашылған ғылыми қоғамның жұмысы туралы тарқатты. Өзге қатысушылар ғылыми жоба бойынша теориялық білімдері мен практикалық дағдыларымен бөлісті.

Мәселен, шеберлік сабағы барысында биология пәнінің мұғалімі Альбина Злыдарева ғылыми жобаны дайындау барысында оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу жолдарын көрсетіп, олардың өз ойларын ауызша және жазбаша түрде жеткізу дағдыларын дамыта отырып, сол дағдыларды тәжірибеде қолдана білуге үйрететіні туралы кеңінен ақпарат берді. Дәл осы күнгі шеберлік сабағына мектептің түлектері, еліміздегі және шетелдің

жоғары оқу орындарының студенттері Алина Нұркеева мен Әлима Әбітаева қатысты.

Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Майра Бейсебекова мен химия пәнінің мұғалімі Торғын Байсова менторинг өткізді. Қатысушылар оқушылар арасында ғылыми-зерттеу қызметін табысты ұйымдастырудың тәжірибесімен және тәсілдерімен танысты. Жобалық қызмет шеңберінде әртүрлі пәндерді интеграциялауды талқылау маңызды сәттердің бірі болды. Бұл тәсіл оқушыларға түрлі білім салалары арасындағы байланысты көруге мүмкіндік береді, материалды тереңірек меңгеруге және әлемге деген көзқарасын жан-жақты қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері Дина Пууклиди, Светлана Бредгауэр кейс-стадиді өткізу барысында білім беру процесіне жобалық әдістемені енгізудің табысты тәжірибелерін ұсынды, сондай-ақ оны мектептің нақты бір жағдайларына оңтайландыру мүмкіндіктерін талқылады. Жалпы, өткізілген іс-шараның практикалық аспектілері – шеберлік сабақтары, жобаларды көрсету, кейс-стади, мониторинг, тәжірибе алмасу сынды бағыттар жоғары бағаланды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ҚУАНЫШ

ОМАРДЫҢ ТҰСАУЫН ДӘРІГЕРЛЕР КЕСТІ

Алматыға Ақтаудан келіп ем тапқан балдырған

Бір жарым жасар Омар есімді ақтаулық сәби Алматыда жасалған отадан кейін колостомадан біржола құтылды. Ол ішек патологиясымен дүниеге келген, өздігінен дәрет шығара алмайтын. Бұл жаңа туған нәресте үшін жалпы интоксикациямен өте қауіпті болды. Гиршпрунг ауруы – тоқ ішектің кейбір аймағында жүйке жасушалары болмайтын сирек кездесетін туа біткен кесел.



мүмкін. Сондай-ақ, коректік заттардың жетіспеушілігі және балада өсу мен дамуының кешігуі сияқты асқынулар да орын алуы мүмкін. Гиршпрунг ауруы дер кезінде диагноз қоюды және емдеуді қажет етеді.

«Бала жарық дүниеге келгелі ауырады. Ақтаудан жоспарлы түрде Гиршпрунг ауруымен және колостомамен келді. Тексеруден кейін «Лапаротомия. Свенсон» бойынша тоқ ішекті қысқарту отасы жасалды. Ота 4 сағатқа созылды. 6 айдан кейін қайталама тексеруге кезекті қабылдау белгіленді», – дейді жоғары санатты дәрігер, балалар колопроктологы Расулбек Айыпов.

Мұндай диагнозы бар балаларда ішек қозғалғыштығы бұзылып, тағамдық массаның шығуы қиындай түседі. Ауру өткір ішек өтімсіздігінің дамуына байланысты қауіпті және ішектің перфорациясына, инфекцияға әкелуі

Омардың ата-анасы ауруханадан үйге шығаратын күні хирургтардан тұсау жесу рәсімін жасауды сұрады. Олар үшін сәбидің алғашқы қадамын дәрігерлердің жеңіл қолымен жасау өте маңызды болды.

«Бұл ауруханаға 5 айлық кезімізде Ақтаудан келген едік. Отаның бірінші және екінші кезеңінде ішектің белсенді емес бөлігі алынып, колостомия (нәжіс жинауға арналған сыртқы қапшық) алынды. Алты айдан кейін хирургтар ішектерді қосып, ұлымды колостомиялық қапшықтан босатты. Бүгін отадан кейінгі жетінші күн, ол өз бетімен дәретке отыра бастады. Күйеуім екеуіміз ұлымыздың дәрігерлер сияқты батыл және асыл болғанын қалаймыз, сондықтан біз олардан Омардың тұсауын кесуді сұрадық», – дейді сәбидің анасы Тілекші Ізтілеуова.

Иә, Алматы Балаларға жедел медициналық көмек көрсету орталығында енді проктологиялық ауруы бар науқастарға да ота жасалады.



(Фото: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасынан алынды).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дархан ҚУАТБЕКОВ,

Алматы қаласы Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының хирургі:

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗІП ЖАТЫРМЫЗ

Қыркүйекте біз туа біткен анус пен тік ішектің атрезиясы, Гиршпрунг ауруы, энтерецистома сияқты патологиясы бар проктологиялық науқастарды қабылдай бастадық. Балалар еліміздің әр өңірінен: Батыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылорда, Тараз, Шымкент, Астана және Павлодар қалаларынан келеді. Олар бізге ауруханаға жатқызу бюросы порталы арқылы түседі. Қыркүйек айының ортасынан бері 30 баланы тексеріп, хирургиялық ем жасадық. Келесі жылы да науқастарды қабылдауға дайынбыз. Аптасына 2-3 баланы ауруханаға жатқыза-мыз, кейбіреуі тексерілсе, енді біреулері хирургиялық емделеді. Біз жаңа озық технологияларды енгізіп жатырмыз және Бірінші балалар ауруханасында бұрын жасалмаған бірнеше бірегей отаны жасадық. Бізге шетелде ота жасағаннан кейін көп адам келеді, біз қайталама пластикалық ота жасаймыз.

МАМАН КЕҢЕСІ

Қызылша ауруы алғаш бас көтергенде, дәрігерлер дереу дабыл қағып, үлкен-кішіні сақтандыруға көшті. Сонда бір байқағанымыз, көп ата-ана «біздің баламыз кішкентай күнінде ауырып кеткен, қайта ауыра қоймаспыз» деп жатты. Сөйтсек, олардың желшешек («ветрянка») пен қызылшаны шатастырып жүргенін білдік. Мәселенің мәнісін білу үшін Алматы қаласындағы №7 қалалық клиникалық аурухана емханасының аймақтық қызметкерлерінің бөлім меңгерушісі Айгүл Наметқұлованы әңгімеге тартқан болатынбыз.

ТЕРІНІ ЖАПҚАН
ҚЫЗЫЛ БӨРТПЕнемесе желшешек пен қызылшаны
шатастырмайық

– Иә, желшешек пен қызылшаны көп ата-ана шатастырады, өйткені бір-біріне ұқсастықтары бар. Екі жағдайда бөртпе мойын мен бастан бастап, бүкіл денеге тарайды. Қызылша кезінде қызыл бөртпе теріде ғана емес, ауыз қуысында да пайда болады. Ал желшешек кезінде, негізінен бөртпелер мен дене температурасының аздап жоғарылауы инфекцияның алғашқы симптомдар болып табылады.

Бөртпе – папула-везикулезді болып келеді, қиында және дененің әр жерінде орналасады. Бір ерекшелігі – шаш арасына да бөртпелер шығады. Алғашқы күні дақтын ортасында көпіршік (везикула) пайда болады, ішінде мөлдір серозды сұйықтығы бар. Екі күннен кейін көпіршіктер көбейеді, қабыршақ пайда болады, ол түскеннен кейін, тек жылдам кететін азғантай ғана дақ (пигментация) қалуы мүмкін. Бөртпелер жұтқыншақ, ауыз қуысы, көмей, қас, жыныс мүшелерінің кілегей қабаттарында да болуы мүмкін.

Ал қызылшаның жасырын кезеңі – 8–15 күн. Алғашқыда жедел респираторлық белгілер байқалады (ринит, фарингит, конъюнктивит, фотофобия, дене қызуының 39°C-қа дейін көтерілуі). Содан кейін 3–4-ші күндері шырышты қабаттар-

да және теріде түйіншекті-таңдақты бөртпелер пайда болады. Бөртпе жоғарыдан төмен қарай тарала бастайды: алдымен бетте, маңдайда, құлақтың артында, сонан соң кеудеде, қол және аяқтарында. Бөртпе пайда болудан 1 тәулік бұрын ұрыттың шырышты қабатында майда (диаметрі – 1 мм), қызыл жиекпен қоршалған Бельский-Филатов-Коплик дағы пайда болады. Ол қызылшаны дифференциялаушы белгі болып табылады. Ауру 9 күнге созылады, бөртпе ешқандай із қалдырмай біртіндеп кете бастайды.

Қызылшаға қарсы егу жоспарлы түрде екі рет жүргізіледі: біріншісі баланың 1 жасында, ал екіншісі 6 жаста. Қазіргі күні қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы профилактикалық имундау жүзеге асырылуда.

Желшешекпен ауырған жағдайда гигиеникалық күтім және дәрігердің ұсынымдарын орындау қажет. Ал қызылшаның емі: науқасты бөртпе пайда болғанға дейін 5 күнге дейін, пневмония болса, 10 күнге дейін оңашаулау керек; науқаспен қатынасқандары 21 күнге оқшаулау; қызбаның бүкіл кезеңі мен дене қызуы қалпына келгенше алғашқы 2 күн төсекте жатып емделу қажет, – дейді Айгүл Талғатқызы.

МӘМС

СЫН САҒАТТА ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ

Пациент сал болудан аман қалды

Алматылық нейрохирургтер инсульт соққан пациентті сал болып қалудан сақтап қалды. Орталық қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері күрделі ота жасап, 69 жастағы науқасқа қайта өмір сыйлады. Операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен жасалды.

ОҚКА баспасөз қызметінің мәліметінше, пациент ауруханаға шұғыл түрде жеткізілген. Жедел жәрдеммен келген кезде неврологиялық ауытқулар байқалып, сол жақ аяғы мен қолы жансызданып, қимылдамай қалған болатын, деп хабарлайды нейрохирург Ермек Сүлейменов.

Кезекшіліктегі невропатолог, нейрохирург, анестезиолог дәрігер-



лер бригадасы шұғыл ота жасау туралы шешім қабылдады. Дер кезінде қабылданған шешімнің арқасында науқас өз бетімен жүріп-тұруға мүмкіндік алды.

«Ишемиялық инсульт болғандықтан қауіп күшейді. Операция жасалды, селективті церебралды

ангиография мен мидың ортаңғы күретамырындағы ұйыған тромбты алып тастадық», – дейді Ермек Сүлейменов.

Нейрохирургтердің біліктілігі арқасында ұйыған қан алып тасталып, мидың ортаңғы күретамырындағы қан айналымы қалпына келтірілді. Бас сүйек пен мидағы жүйке талшықтары да толық қалыпқа келді.

Бір аптадан кейін пациенттің жансызданған аяғы мен қолы қозғала бастады. Қозғалыс күші арнайы баған бойынша төрт балға жетті, бұл өз кезегінде науқасты салдары ауыр болатын мүгедектіктен сақтайтын көрсеткіш дейді маман.

МӘМС арқылы жасалған ота 1 сағат 10 минутта аяқталды. Бұл аурухана мамандарының біліктілігін ғана емес, сын сағатта қабылданған шешімдердің де тиімділігін көрсетсе керек.

СӘТТІ ОТА

БІР ЖАСАР ПАЦИЕНТ
мазасын қашырған ауруынан айықты

Балалар хирургтары сирек кездесетін туа біткен патологиясы бар бір жасар балдырғанға сәтті операция жасады. Бүлдіршіннің анасы Алматы қаласындағы №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының хирургтарына баланың кіндігі үнемі дымқыл тартып, ішінің айналасындағы терінің тітіркеніп, жайсыздық тудыратынын, соған алаңдайтынын айтқан.

Аурухананың баспасөз қызметінің мәліметінше, кішкентай пациентке нақты диагноз қою үшін қуықтың ультрадыбыстық зерттеуі, цистография жасалды. Зерттеп-қа-

рау нәтижесінде балада урахустың толық емделмегені анықталған.

Қуық-кіндік жыланкөзі, ол кіндіктен несептің тұрақты бөлінуімен көрінді. Сөйтіп, бала жоспарлы операцияға жатқызылған. Отанын бұл түрі МӘМС шеңберінде орындалады дейді №2 МҚКА баспасөз қызметі.

«Урахус – бұл несепағар, ол әдетте эмбриондық кезеңде ғана болады және қуықтың жоғарғы бөлігін кіндікбаумен байланыстырады. Жатырышілік кезеңнің шамамен 5–7 айында оның бітелуі жүреді. Алайда, белгілі бір жағдайларда түтік қабаттаспайды, нәтижесінде оның ауытқулары пайда болады. Бұл – жатырышілік кезеңдегі облитерация процесінің бұзылуымен байланысты өте сирек

кездесетін туа біткен патология. Хирургиядағы 30 жылдан астам тәжірибеде мен осындай үш жағдайды ғана кездестірдім», – дейді хирургиялық бөлімшесінің меңгерушісі Марат Қаптағасов.

Хирург бұл патологиямен қабыну асқынуларының алдын алуға мүмкіндік беретін хирургиялық емдеу көрсетілгенін атап өтті. Бұл локализацияланған қабыну процесінің дамуына, іштің алдыңғы қабырғасының ірінді қабынуына (абсцесс), қайталанатын циститке және кистаның пайда болуына әкелуі мүмкін. Толық фистуламен консервативтік емдеу тиімсіз.

Тәжірибелі хирургтар мен анестезиологтардан құралған операциялық топ хирургиялық араласуды сәтті орындап шықты, яғни 30 минуттың ішінде несеп шығару жолы түбегейлі алып тасталды және баланы осы аномалиядан біржола құтқарды.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА – 300

АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ АҚТАҢДАҚТАРЫ

Тарихи аңыз шындығы мен тарихи роман шырайы

(Жазылған жайдың жаңғырығы: Берекет Кәрібаев. «Қазақ хандығы дәуірі: Аласапыран жылдар ақиқаты», «Алматы ақшамы», №143-144)

Қазақ тарихи романының көркемдік-идеялық құрылым жүйесінде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғаларын суреттеуде тарихи аңыз, тарихи өлең, тарихи жыр үлгілерінің атқаратын қызметі аса мәнді, мағыналы.

«Көшпенділер», «Қалқаман–Мамыр», «Елім-ай»

Илияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғаларының азапты, қайғы мен қасіретке толы көріністерін баяндай отырып, елдің тарихи есінде сақталған «Қалқаман–Мамыр», «Елім-ай» секілді халық шығармашылығы үлгілерінен үзінділер енгізіп, оларға сипаттама берді. Халықтың «Елім-ай» тарихи өлеңінің мазмұны мен сазы Софы Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясының өзекті желісі болып тартылды.

Шәкәрім Құдайбердиев «Қалқаман–Мамыр» дастанында нағашы жұртына кеткен Қалқаманды іздеуге ел адамдарының «Ақтабан шұбырынды» жағдайында мүмкіндігі болмағанын айта келіп:

Ол түгіл Әнет бабаң көшке ере алмай,

Тірідей дөң басында қалған өлмей, – деді [Ш.Құдайбердиев Шығармалары. – Алматы, 1988. – 290-бет.].

Осы жай Шәкәрімнің Шежіресінде де айтылады. Бұл – Әнет баба 95 жастан асып, жүзге жақындаған шақтың оқиғасы.

«Көшпенділер» трилогиясында Әнет бабаның көшкен елдің жұртындағы төбе басында жалғыз қалып қоюы оның өздігінше көшке ілесіп жүре алмаған, карт биіне қолұшын беруге қайраты жетпеген босқын елдің хәлімен де байланысты баяндалады.

Дәл осындай, Әнет бабаның басындағыдай, жағдай С.Сматаевтың «Елім-ай» тарихи трилогиясында да көрініс тапқан. Ауыл-аймағын, ел-жұртын аман алып қалу үшін басқа жерге көшірген Ошаған би жалғыз өзі жұртта қалады. Әкесін тірідей жау қолына қалай қалдырып кетерін білмей жаны қиналған ұлына би мынаны айтады:


«... Мені жазғырмас. Қашып кетсем, жазғырар көп. Тауым да, өзенім де, жерошағым да, тіпті отымның орнындағы күлім де жоқтайды. Мен кетсем, кәрі сүйегімді қайта әкеле алмаймын. Онан да Алланың ақ бұйрығын осы арадан күтейін» (С.Сматаев, Елім-ай, I кітап, 283-бет). Көшкен ауылдың жұртында төбе басында жалғыз қалған Ошаған би ата-жұртын қорғап, жаумен шайқасып қаза табады.

Ошаған бидің көшкен ауылына ермей, жұртындағы төбе басында жападан жалғыз қалып қоя беруінің бірімен-бірі тығыз байланысты үш себебі бар: оның бірі – туған жерін, өскен ортасын тастап кетуге бидің дәті жетпейді. Екіншіден, карт би кәрі сүйегі жат жерде емес, кіндік қаны тамған туған топырағында қалуын қалайды. Үшіншіден, атамекенін, ел-жұртын қорғап, жаумен бетпе-бет шайқаста өлгенді дұрыс көреді. Туған жер туралы берік қалыптасып қалған қасиетті ұғым, туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілік Ошаған биді осындай шешімге алып келеді.

Өзара сабақтас үш оқиға

Ш.Уәлиханов ел аузынан жазып алған аңыздардың бірінде қалмақтарға қарсы соғысқа қазақтар жағынан Үйсінбай, Жанатай, Арқандар деген ағайынды үш жігіт айрықша қайрат көрсетеді. Арқандар жау қолынан мерт болады, Үйсінбай мен Жанатай бойларын ыза кернеп, жауға қарсы жан аямай қырғын майдан ашады. Үйсінбай жау жарағынан жарылып қалған ішінен ақтарылып аяғының басына түскен ішек-қарнын жинап, шекпенінің етегіне салып, жауларын жапыра соғады. Соғыс соңында сегіз жауынгерімен ғана қалған Жанатай батыр астындағы тұлпарын баласының алдына көлденең тартады, тұлпарға мінген баласына өсиетін айтады: «Елге жет, жау шебін жарып өт, айтпесе біз үшін жаудан кек қайтаратын адам жоқ» [1, 221-222].

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Әнет баба, С.Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясындағы Ошаған би және Ш.Уәлиханов жазып қалдырған аңыздағы Жанатай батыр басындағы осы үш оқиғаны өзара сабақтас, байланысты пайымдағанда, халықтың дәстүрлі ұғым-түсініктерінің, дәстүрлі дүниетанымының, ойлау, әрекет ету мәдениетінің кейбір маңызды, мәнді қырлары көзге түседі.



Әнет бабаның көшкен елмен бірге көлік үстінде жүруге де жарамайтын күйде болғаны рас. Бидің бұл күйі – оның көшкен елдің жұртындағы төбе басында қала беруінің сыртқы, көзге көрініп тұрған себебі. Сонымен бірге, Әнет бабаның көшкен елдің жұртындағы төбе басында қала беруінің көзге көрінбейтін ішкі себеп-негізі бар. Соңғы себеп-негіз халықтың ертеден келе жатқан дәстүрлі мәдениетімен, дүниетанымымен байланысты. Әнет баба тоқсан бес жастан асып, жүзге таяу келгенде, кәрі сүйегін саудыратып жат жерге сүйретпей-ақ, өз жерінде, туған төбесінің басында қала беруді жөн көруі мүмкін. Атамекен, туған жердің топырағы туралы халықтың байырғы ұғым-түсінігі карт билің ойына осындай бағдар бермеді деуге болмайды. Бір жағынан, бидің дәл осылай ойлағанына шәк келтірудің жөні де жоқ. Өйткені, өткен дәуірлердегі карт әрі дана кісілердің жасаған істері мен айтқан сөздерінің көпшілігі астарлы, символдық мағынаға бай болып келеді. Олардың істері мен сөздерінің шын мәнін сол дәуірдің әдебі мен әдеті, салты мен дәстүрі, бір сөзбен айтқанда, дәстүрлі дүниетанымы аясында алып қарағанда ғана дұрыс ұғып, анық түсінуге болады.

Қазақ тарихи романы: басты кейіпкерлер

Халықтың тарихи аңыздарында, тарихи өлеңдері мен тарихи жырларында ерлік істері кең суреттелетін көптеген ержүрек ел ұлдары да қазақ тарихи романында басты кейіпкерлер қатарында көрсетіледі. Осындай батырлардың бірі Сіргелі Елшібек туралы кезінде Ш.Уәлиханов ел аузынан мынадай аңыз жазып қалдырған: «Қалмақтың мергені Қорам мылтықпен жол бойындағы бір үңгірде жатып алып, қазақ қолын өткізбей қояды. Небір батырлар қарсы шауып, оны ала алмайды. Қалмақ бәрін атып түсіре береді. Бір кезде Сіргелі Елшібек батыр:

– Мен барам, – деп, боз бауырлы атымен ақырын жортып кетіпті. Қалғандар енді оққа ұшады, енді оққа ұшады деп күтіп тұрады. Ә дегенше Елшібек жақын барып қалады. Мылтық атылмайды. Елшібек мергенді өлтіріп, қолға жол ашады. Кейін мұның мәнісін сұрағанда, Елшібек айтады:

– Қалмақ менің астымадағы атымды олжа еткісі келді. Мені жақын келтіріп атпақ болды. Сөйтіп тұрғанда мылтығының білгесі жанып кетті. Құлағын басқанда, от алмай қалды. Екінші рет тұтатқанда мен оның өзін шауып үлгердім» [1, 219].

Қазақ тарихи романдарының жүйесінде Елшібек есімі аталып, оның батырлық істері айтылып жүргенмен, Ш.Уәлиханов жазып қалдырған бұл дерек пайдаланылмайтын. І.Есенберлиннің «Көшпенділерінде» (II кітап) Елшібек батырдың бұқарашыл, ерлік істері Сауран бекінісін жоңғар шапқыншыларынан қорғау үстінде ғана біршама ашылады. Ал жоғарыдағы дерек автор назарына ілінбеген. Елшібектің Сауранды қорғауда көрсеткен ерлігі мен осы деректі ұштастыра пайдаланғанда, батырдың образы толыса, ашыла түскен болар еді. Ш.Уәлиханов жазып алған осы деректі С.Сматаев өз романында сәтті пайдаланған.

«– Мына мергенді жою керек екен, – деп, Елшібек жайбарақат қана насыбайын ерлінің астына тастап жіберді. Шырт-шырт түкірді.

Елшібектің астында түгі жылытыраған, жүзтіктің көзінен өтердей сұлу бозжирен арғымақ. Аяқтарын секіре басып, орақтай мойнын қайқайта иіп, тізгін жұлқиды. Батыр жиренді майда желіске салып, қазіргі қиғаш күннің мұнаралы сәулесінде құйындатып билетеді. Ат тұяғы киыршық тасты күреп лақтыратындай...

Бұл кезде Елшібек батыр ат жалын құшып алып, еңкейе шауып бара жатыр еді. Жирен тап бір қанатты құстай бауырлай ұшып, обаға дем

арасында жетіп-ақ барды. Алмас қылыш күнге шағылысып жарқ-жүрк етті. Мерген жалп етіп, жер қапты» (С.Сматаев, Елім-ай, II кітап, 395-396-беттер).

«Үркердегі» Шоқан Уәлиханов дерегі

Елшібек батырдың осы ерлігіне ұқсас бір оқиға Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романында суреттеледі. Бұл жерде де жоңғар мергені қазақ қолын қалт еткізбей, қылтадан атып салып, кідіртіп қояды. Ш.Уәлиханов дерегінің сарынымен жазушы бұл көріністі былай жеткізеді: «Сол екі ортада... қазақтар жағынан бір сылаң күрең атты шықты да, өткелге қарай беттеді. Сүліктей сұлу күрең сауырында күлін-күлін күн нұры ойнап, билей басады... Сол екі ортада күрең мінген қазақтың тақау кеп лақтырған селебесі қан жүректен қадала кеткені» (Ә.Кекілбаев, Үркер, 94-бет).

Болған істің мәнісін сұрағандарға С.Сматаевтың романында Елшібек батыр мынаны айтады: «Мына менің жиреніме қызықпас көз бар ма? Ойрат... мені жақындатып барып, атып тастап, атымды тез олжалағысы келді. Ал менің ойым бойынша, ол білгесіне от қойып, мені тосып біраз отырады. Оған дейін білгесі күйеленіп, қорамасы дер кезінде от алмайды. Сол кезде мен де тірі жанмын, оның үстіне жиренім де ұшқыр, бір амалын жасап үлгеремін. Өне, дәл солай болды да шықты» (С.Сматаев, Елім-ай, II кітап, 397-бет).

Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында Елшібек батырдың осы ерлігін жасаушы Әбілқайыр болып суреттеледі. Ол өз әрекетінің мәнісін былай түсіндіреді: «Күлің күреңдей жануарға қыл жалаулы қалмақ пен қазақтың қызықпай қалуы мүмкін емес қой. Қарсы алдында ойқастай басып келе жатқан сәйгүлікке аузының суы құрып тұрған сұқты көз мергеннің мылтығы суынғанша алдарқата тұрайын, суынғансын қорам мылтықтың пілгесі қапелімде қайтадан от ала қоймайтыны белгілі, ол екі ортада мен де бір амалын табырмын деп ойладым» (Ә.Кекілбаев, Үркер, 94-бет).

Екі жазушының пайдаланып отырған дерегінің түп төркіні бір болғанмен, сол деректі игерудегі, пайдаланудағы жазушылық мақсат әр басқа. Ә.Кекілбаев Әбілқайырдың болмысын тереңінен ашып, толыстыра түсу мақсатымен оның тұсында болған, қатар үзгендіктері жасады делініп жүрген бірнеше оқиғаларды іріктеп алады да, оларға мүлде басқа сипат береді. Кейіпкерінің ой-сезімі мен іс-әрекетін осы оқиғалар тізбегімен сабақтас суреттеу нәтижесінде жазушы оның болмысының тереңде жатқан құбылуларын мейлінше түбегейлі талдап, тыңғылықты саралауға мүмкіншілік тапқан. Сондай-ақ, автордың бұл тәсілі кейіпкер тұлғасының біртіндеп өсу, даму динамикасына да бірегей сипат дарытады.

Жалпыхалықтық сипаттағы ерлік

Аңыз дерегі Ә.Кекілбаевтың романында Әбілқайырдың образының даму логикасын ашуға қызмет етсе, С.Сматаевтың романында басқа мақсатпен байланысты пайдаланылады. Бұл ретте С.Сматаев Елшібек туралы тарихи аңызды «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезеңде қазақтардың өз бостандығы үшін жоңғарларға қарсы жүргізген күрестерінің ең бір басты, маңыздысымен сабақтастырады. Елшібек батырдың ел риза болған асқан ерлік ісі «Анырақай» шайқасы аясында суреттеледі. Жеке сипаттағы маңызды қаһармандық жалпы халықтық сипаттағы ерлік іспен ұштасады. Бұл ретте жазушы Елшібек туралы тарихи аңыздың желісіндегі негізгі оқиғаны, оның болған жағдайын, амалын толық сақтай отырып, мезгілі мен мекенін ғана өзгертпей. Соның салдарынан, бір жағынан, Елшібек батырдың

ерлігі халық тағдырында шешуші рөл атқарған аса маңызды шайқаспен тұтасып, өзі де маңыз-мәнін жарқырата ашатын болса, екінші жағынан, халық тағдырында шешуші рөл атқарған осы аса маңызды шайқас деректі оқиғалар жүйесімен толығып, нақтылығын күшейтеді, дәлдігі мен айқындығын арттыра түседі.

Қарақұм қойнауындағы кеңес

• **Қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғалары арнасындағы азаттық күресінің шындығы туралы жсан тебіренгендей терең мазмұнды бір тарихи аңыз Я.П.Гавердовскийдің 1803-1804 жылдары қазақ даласына шыққан сапары туралы жазбаларында ұшырасады.**

Оның жазбаларында баяндалған аңыз бойынша, жоңғар басқыншыларынан құтылудың жолын қарастырған қазақтардың үлкен жиыны 1710 жылы Қарақұм қойнауында өтеді. Жиында ел басшылары түрлі ұсыныс айтады. Біреулер жоңғар қонтайшасына бас иіп, одан аяушылық сұрауды ұсынады. Біреулер бас сауғалап, Еділдің арғы жағына аууды жөн деп біледі. Енді біреулер ел болып бірікпей, жеке-жеке ауыл болып қалаған жағына бас сауғалап босуды дұрыс көреді. Осындай ел тағдыры талқыға түскен қиын шақта Бөкенбай батыр жалынды сөз сөйлейді. Омырауын қақ айырып, көкірегің күнге тоса алмас қылышын күн жарығына серт ұстап:

«Жауымыздың жазасын берейік. Еліміздің таланғанына, жеріміздің тоналғанына, балаларымыздың құл мен құл болғанына жайбарақат қарап отырғанша, қаруымызды қолымыздан түсірмеген қалпымызда өлсек, өліп-ақ кетейік! Сақалымызға ұяттан ақ түспей тұрғанда, тұлпарымыздың болат тұяғы кетілмей тұрғанда, қорамсақтарымыз сауытбұзар өткір жебелерден босамай тұрғанда шабайық жауды!..» [2, 393-394] – деп, жиналған жұрттың қанын қыздырып, жанын күйдіреді. Жанға, намысқа тиген жалынды сөзге көпшілік тоқтайды. Бөкенбайды қуаттап сөйлеушілер жиналған жұрттың отаншыл рухын одан әрі кетере түседі. Кейбір ереуіл рухты ел ағалары мен батырлар ел үшін, атамекен үшін жанын қиюға даяр екендіктерін антпен бекіту үстінде жау жарағынан қалған жаракаттарының бетін жұлып алып, сорғалаған қанын ортада алаулап жанып тұрған сексеуілдің отына шашады. Жұрт жауға қарсы соғысқа шығып, туған жерді, атамекенді азат етуге анттасады.

Қарақұмдағы кеңесте Бөкенбай айтқан басты да мағыналы, мәнді сөзді Ә.Кекілбаевтың романында Әбілқайыр айтқан болып суреттеледі. Бөкенбай батырдың сөзінің жиналған жұрттың ішкі қуатын тасытып, қанын қайнатып, Отанын қорғауға құлшындырған әсері де Әбілқайырдың қасиетін даралауға қызмет етеді. Тарихи аңызда Елшібек батыр жасады деген ерлік іс Әбілқайырға тән болып суреттелген болса, Я.П.Гавердовский Бөкенбай айтты деген жалынды сөзді де Әбілқайыр айтқан болып көрсетіледі. Әбілқайыр бейнесін типтендіру мақсатында жазушы осындай шешім жасайды.

• **«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғаларына қатысты тарихи аңыз үлгілері қазақ тарихи романының мазмұны-лық-құрылымдық жүйесінде өзінің өмір сүру, жалғасу жолдарының жаңа формасын тапты.**

Халық аузында, қолжазбалар қорында, ертедегі, қолға түсе бермейтін, басылымдарда сақталған тарихи аңыз, тарихи өлең, тарихи жыр үлгілері тарихи роман құрылымында өзінің бұрынғы сақталу, таралу, жалғасу формаларын өзгертіп, жаңа түр тапты, мазмұн-мағынасы жағынан тереңдей түсті. Соған орай тарихи роман арнасында олардың көркемдік-танымдық қызметі де жаңарып, толығып, жаңа сапаға ие болды. Екінші жағынан, тарихи роман тарихи аңыз, тарихи өлең, тарихи жыр үлгілері негізінде өмірдің шындық құбылыстарын көркем суреттеудің жаңа мүмкіндіктерін тапты. Жанрлық, стильдік тұрғыда байыды, поэтикалық дамуының жаңа сатысына көтерілді.

• **«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғаларына қатысты тарихи аңыз, тарихи өлең, тарихи жыр үлгілері – халқымыздың әлеуметтік маңызы зор, танымдық байлығы мол, тарихи мәні терең мәдени ескерткіштері.**

Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
филология ғылымының докторы,
профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры.





ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2023 жылы 11 желтоқсанда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Шарипов көшесі, 53 мекенжайындағы «№95 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Е.Жәкібаевтың халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға Алматы қаласы Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және қалалық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілері Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB-сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ РЕТТЕЛЕДІ



Алматы қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаевтың айтуынша, қазіргі таңда маршруттық желілерді оңтайландыру, автобустар мен троллейбустар үшін толыққанды инфрақұрылым құру, сонымен қатар, қарбалас уақытта қоғамдық көліктің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

– Бағдаршамды қоғамдық көлікке басымдық беретіндей етіп жасаймыз. Жолаушыларға ыңғайлы болу үшін реттелетін жаяу жүргіншілер өткелдерін жабдықтаймыз. Белгілі бір ұзындықтағы автобустарды шығарамыз. Бұл жаяу жүргіншілер аймағын, тротуарларды толығымен өзгертеді, жаңа аядамалар пайда болады. Жол тарылған жерде БРТ жолдың ортасымен өтеді. Содан кейін ол шеткі жолақтармен де жүреді. 2024 жылдың екінші жартыжылдығында құрылыс-монтаж жұмыстарын бастауды жоспарлап отырмыз, – дейді басқарма басшысы.

КӨРМЕ

ОЙ МЕН САНА ҮНДЕСТІГІ

Бірегей туындылар ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді дәріптейді

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде қазақ бейнелеу өнерінің кәсіби деңгейге жетуіне, өнердің әр саласы бойынша тұрақты білім алу жүйесін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосқан суретші-педагог, қоғам қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Акрап Жұбановтың 95 жылдығына арналған республикалық көрме ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бұл көрмеге Алматы, Астана, Ақтөбе, Шымкент, Тараз, Өскемен, Талдықорғаннан және Алматы облысынан 120 суретші қатысуда. Кескіндеме, графика, мүсін, қолданбалы өнерден бас-аяғы 150-ге жуық туынды қойылған.

– Көрменің ерекшелігі – 1963–1992 жылдар аралығында суретші-педагог Акрап Құдайбергенұлы басылық еткен Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінде әр кезеңде білім алған тұлғалар ұстазға тағзым ретінде өз туындыларын көрермен назарына ұсынып отыр. Бұл көрмеде тарихтың өткен сарыны мен бүгінгі ақиқатында 85 жылдық тарихы бар білім ордасымен тағдыры тікелей байланысты өнер саңлақтарының шығармашылықтары заман ағымына қарай сабақтастып, қазақ бейнелеу өнерінің едәуір өркендеу үрдісіне үлес қосқан суретшілердің тұлғалық бейнесі айқындалады. Экспозицияда суретшілердің бейнелеу мен қолданбалы өнерінің әрбір жанрда реалистік, абстракциялық, авангардтық, минимализмдік, концептуалдық мәнердегі көркемдік идеяларын, заманауи көркем шығармашылықтың авторлық мәнерін кеңінен тануға мүмкіндік береді, – дейді көрме жетекшісі Гүлнар Қуандықызы.

Иә, бүгінде сол өнердің қара шаңырағында тәрбиеленіп, суретші атанған тұлғалардың ішінде есімдері тарихта алтын әріппен жазылған аға буын өнер саңлақтары көрмеде өмірлік тәжірибесін, ішкі әлемін, өзіндік тұлғалық мәнерін, креативті ой-тұжырымын, өзгеше потенциалдарын ортаға салып, мағыналы да мәнді туындыларын ұсынады. Суретшілердің шығармалары ұлттық тарихты, мәдениетті, салт-дәстүрді дәріптейді, бүгінгі күнгі әлеуметтік тақырыптардан сыр шертеді, ой-сананы сан тарапқа жетелейтін композициялық идеялары, ондағы динамикалық үндестік және уақыт кеңістігіндегі болмыс дәріптеледі.

Суретші-педагог Акрап Құдайбергенұлының әкесі қазақтың зиялы азаматтарының бірі, ғалым-лингвист, түріктанушы, педагог Құдайберген Жұбанов (1899–1938 ж.ж.). А.Қ.Жұбанов 1949 жылы Н.В.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін, 1958 жылы Ленинград қаласындағы В.И.Мухомин атындағы ВХПУ-ді бітірген.

Акрап Жұбановтың 95 жылдығына орай ұйымдастырылған көрме желтоқсанның соңына дейін жалғасады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел.: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел.: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел.: 293-08-12.

e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімі

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел.: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Казпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Akshamy» ЖШС.

alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.

Апталық

таралымы – 28 412

Кезекші редактор –

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№КЗ80VP00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCkxM2xvChx6B8r1gga

web.telegram.
org/#k/@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

СЫҚЫРЛАҒАН САРЫ ҚАРЫ, САҚЫЛДАҒАН САРЫ АЯЗЫ

бар «Ақырап» амалы келе жатыр. Синоптиктердің болжауынша алдағы апта Алматыға алғашқы қарды ала келетін көрінеді

Жасыратыны жоқ, алматылықтар биыл қысты асыға күтті. Әсіресе, қарды сағынғаны рас. Оның үстіне кешеге дейін күн де суытпай-ақ қойды. Бетті аяз қарып, бойды суық сергітпеген ел арасында тұмау көбейді. «Елде тұмау, жерде қырау, бірақ қар жоқ» деп, оны кезінде жаздық та. Енді міне, «ақырып келетін, қарлы боранын шақырып келетін» «Ақырап» амалынан қалалықтардың үміті зор...



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Өткен жолы айтқанымыздай, «Қырбастың қызылы» амалының әсері болса керек, қарашаның соңы мен желтоқсанның басында күн көзі ашылмай тұрып алды. Ақыры жаңбыр жауып барып ашылды. Алматыда жоғарыда айтқан жаңбыр мен бір желпіп өткен желден өзге ерекше жағымсыз құбылыс болған жоқ. Еліміздің өзге өңірлерінде, әсіресе, Арқада, Шығыс пен Батыс аймақтарында, тіпті, оңтүстікке жататын Жамбыл облысында да дүлей дауыл орын алды.

Желтоқсанның оныншы жаңасынан бастап «Ақырап» амалы сахнаға шығады. Осы кезде қар қатты әрі нығыз болып қиыршық-



талып жауған. Сол себепті бұрынғылар бұл амалды «сары қар» деп те атаған. Амал айдың, яғни желтоқсанның 15-іне дейін жалғасады. Амалға қатысты айтылған «Ақырап ақырып келді, қарлы боранын шақырып келді» деген мақалдың мәніне мән беретін болсақ, «Ақыраптың» осал еместігін ұғынғандай боламыз. Қар да, жаңбыр да (көбінесе), көбірек орын алып отырған.

Амал кезінде күзеулікке қалың қар түсіп, сүрпенсіз тіршілік басталатын болған, ата-ба-

баларымыз соғымдық малдарды шығынға ұшыратпау үшін алдын ала қыстаулыққа жіберіп, күйі түсіп кетпеуін қадағалаған.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін желтоқсан айының – 7-сі. Ай жүйесіне сүйенсек, айдың 23-і. Ал қазақша (ескіше) есеп желтоқсанның енді 7 күннен кейін келетінін аңғарамыз. Аспан денелерінің қазіргі қозғалысына, бір-бірімен қарым-қатынасына, күс жолының анық көрінбеуіне қарағанда, күн күрт суытатын сынайлы. Өткен аптамен салыстырғанда ауа райында айтарлықтай өзгеріс (салқындық) орын алады. Қар мен жаңбыр жиі көрініс беруі мүмкін.

Бабалардың бұл болжамын «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік мекемесі синоптиктері де жоққа шығарып отырған жоқ. Алдағы аптада Алматыға алғаш қар түсіп, ауа райы бірте-бірте сынап деңгейінен төмендеп, аяз түнге қарай 20 градусқа дейін көтеріледі деп отыр.

Қалай болғанда да, қыстың аты қыс, қымтанған мен қамданғанның қапы қалмасы анық...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылысына қарап жасалған жорамал:

- Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық.
- Кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- Күн қораланса, күрегіңді сайла.

ЭТИКЕТ

ӘДЕПТІ ӘЙЕЛ ӘДЕМІ

Сұлулық дегенде біз көбіне сыртқы келбетке мән береміз. Жігіттер жағы қасы-көзі қиылған, сымбаты келіскен аруды көрсе, мойын бұрмай өтпейді. Адамның бәрі көрікті емесі тағы рас. Бірақ хас сұлу болмасаңыз да, қарапайым жүріс-тұрысыңызбен, тіпті отырып-тұру этикетімен де көркем бола аласыз. Ендеше, бүгін сол жөнінде аз-кем айтайық.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

СӘЛЕМ!

Әдептілік – амандасудан басталады. Әдетте, жасы кіші немесе үлкен болсын, сырттан кіріп келген адам бірінші болып сәлемдесуге тиіс. Екі адам болып келе жатқанда, қасыңыздағы кісі сізге бейтаныс біреумен амандасса, сіздің де амандасқаныңыз жөн.

Даусыңыз бен күлкіңіз де сізді сұлу ете алады. Түсініксіз әрі жылдам сөйлеу, айқайлап, дарақылана күлу көрікті деген қызды да жағымсыз етіп көрсететіні сөзсіз. Жәй сөйлеу керек екен деп сыбырлап сөйлеу де жөн емес. Мұндайда асықпай, сөзді анық айтып, дұрыс түсіндіре білу де маңызды.

Бірінші жүздескенде алдымен ер адам амандасуы қажет. Ал әйел адам ілтипат көрсете басын изеуіне, жымыюға немесе қолын ұсынуына болады.

Көшеде ер адам әйелдің сол жағында жүреді. Ал әскери қызметкерлердің оң жақта жүруіне болады, әскери амандасуға әзір болуы үшін.

ТӘРБИЕ

Қоғамдық көліктеміз. Жанымда отырған әйел әлдекіммен бар даусымен сөйлесіп отыр. Құдды үйінде немесе оңаша отырған секілді.

– Әй, Мақо деймін, мен саған қазақша айтып тұрмын ғой, Төле бидің бойымен келе берсейші. Тез келесін. Автобус ағылып жатыр. Білмеймін. Көрмедім. Осы сендерге ылғи айтамын ғой, баланың қолына бермендер деп, бір жерге тастаған шығар, дұрыстап қараңдар, – деп ұзағынан ағытылды бейтаныс жолаушы әйел.



(Сурет: ашық дереккөзден.)

Қарапайым этикет қағидасына сүйенсек, телефонмен ұзақ әрі айқайлап әңгімелесіп тұрып алу мүлдем дұрыс емес.

Қоғамдық орындарда эмоцияңызды тежей біліңіз. Қатты сөйлеп немесе беріле әңгіме айту, музыканың даусын қатты шығарып тыңдау тым артық. Біріншіден, көпшіліктің назарын аударасыз. Екіншіден, бұл сіздің тәрбиесіздігіңізді білдіреді.

КЕШІКПЕНІЗ

Басқаны тыңдай білу – өнегелілік. Тіпті, өзгенің айтқанымен келіспей тұра, оны соңына дейін тыңдап шығу – тәрбиеліліктің белгісі.

Есік қағудың қажеті жоқ. Әсіресе, жұмыс уақытында әріптесіңіздің немесе басшыңыздың кабинетіне есік қағып кіру міндетті хәм ынғайсыз емес. Әрине, бұл баса-көктеп кіріп бару керек дегенді білдірмейді, жәй ғана «кіруге рұқсат па?» деп кірген әдептірек.

Уәделескен уақыттан ешқашан кешікпеңіз. Жауапсыз адамдар ғана кешігіп жүреді. Егер кешігетін себеп болып тұрса, алдын ала ескертіп қойған дұрыс.

Егер біреу сізге тіл тигізсе, оған сондай дөрекілікпен

жауап беру шарт емес. Дауыс көтермеген абзал, оның деңгейіне түспеңіз.

ҚОЛШАТЫР

Екі-үш күн қатарынан жауын жауды. Таңертең жұмысқа келгенде бәріміз қолшатырымызды ашып, суы кепсін деп кабинетке жайып қоятынымыз бар. Сөйтсек, ол мүлдем дұрыс емес, этикетке қайшы екен. Яғни қолшатырды офисте немесе қонаққа барған жерде ашық күйінде кептіруге болмайды екен. Оны жинап, босағаға іліп немесе есік көзінде қолшатырға арналған арнайы қорап тұрса, соған салып қою керек деседі.

Балаңыздың бөлмесіне есігін қағып кіріңіз. Сонда ол да сіздердің, яғни ата-анасының бөлмесіне есікті қағып, рұқсат сұрап кіретін болады.

Лифтіге бірінші болып ер адам кіреді, ал шығар кезде кім есік алдында тұр, сол бірінші болып шығады.

РАХМЕТ

Алдын ала ескертпей қонаққа бармаңыз. Нанды қолмен бөлу керек. Егер шәй стақанға құйылса, қасықты ішінде қалдыруға болады. Ал кесеге құйылса, қасықты алып тастау керек. Қантты қатты араластырмайды, өздігінен ерігенше күту керек.

Қонақта болғанда сүртінбес бұрын сүлгіні қолдануға болатынын, болмайтынын үй иесінен сұрағаныңыз жөн.

Әрдайым алғыс айтып жүруді ұмытпаңыз. «Рахмет», «кешіріңіз», «оқасы жоқ» сынды сөздер де – әдептілігіңіздің белгісі.

Осы қарапайым қағидаларды орындап жүрсеңіз, жетістік атаулы да сізден алыс болмайды. Әрі нағыз сұлу адам сіз боласыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АЙНА

- Адамның беті оң жағынан емес, сол жағынан қарағанда әдемірек көрінеді.
- Айна алғашында аристократтардың атрибуты болып саналған. Өйткені, о заманда айнаның бағасы теңіз кемесінің құнымен пара-пар болған. Ал көпшілікке XIX ғасырда жете бастаған.
- Адам жеке суреттен гөрі топтық суретке сәтті және әдемі боп түсетін көрінеді.
- XVIII ғасырда француз қыздары қасын толығымен қырып алып тастап, орнына тышқан терісін жапсырған.
- Қытайда тырнағы ұзын қыздар ақылды саналады.

